



## ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ БАЙЛАНЫС

2-БЕТ



## ӘЛЕМГЕ ЖЕТЕЛЕН АРМАН

7-БЕТ



## ТАҒДЫРЫН АРҚАНҒА БАЙЛАҒАН

9-БЕТ

## БҮГІН – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ



# ПОЛИЦИЯ – ҚОҒАМ ҚОРҒАНЫ

## Алматыда тәртіп сақшыларына құрмет көрсетілді

**«Заң мен тәртіп» бекем сақталатын «Әділетті Қазақстан» құру бағытында құқық қорғау саласындағы қызметкерлердің жұмысы аса маңызды. Полиция қызметкерлері күніне орай қаламызда «Полиция – ел қорғаны» атты салтанатты іс-шара өтті. Мерекелік жиынға құқық қорғау органдарының ардагерлері, полиция қызметкерлері және қала жұртшылығы қатысты.**

Іс-шара барысында қоғамдық қауіпсіздік пен заңдылықты қамтамасыз ету жолында қызмет етіп жүрген тәртіп сақшыларының еңбегі ерекше аталып өтті. Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды құқық қорғау саласы қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, олардың қоғамдағы маңызды рөліне тоқталды.

– Бұл – ел тыныштығын күзетіп, қоғамдық тәртіпті сақтауды өмірлік мұрат еткен азаматтардың мерекесі ғана емес, мемлекет тұрақтылығы мен халықтың қауіпсіздігінің кепілі болып отырған құқық қорғау жүйесіне көрсетілген құрметтің айқын көрінісі. Заң үстемдік құрған тәртіпті қоғамда ғана тұрақтылық пен дамудың берік негізі қаланады. Ал сол тәртіптің сақшысы өздеріңізсіздер. Қала бойынша жалпы саны шамамен, 150 мың бейнебақылау камерасы бар. Қоғамдағы тұрақтылық пен тұрғындардың әл-ауқаты қауіпсіздікпен өлшенеді. За-

манауи технологияларды енгізу, цифрлық шешімдерді пайдалану, бейнебақылау жүйелерін ары қарай дамыту қауіпсіздікті жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Халық сенімі – ең үлкен марапат, – деді қала әкімі.

Салтанатты рәсім барысында қызметтік міндеттерін адал әрі мінсіз атқарған бірқатар полиция қызметкері қала әкімінің Алғыс хаттарымен және арнайы марапаттарымен марапатталды.

Өз кезегінде Алматы қаласы Полиция департаментінің бастығы Айдын Тоқтарұлы құқық қорғау саласында жүзеге асырылып жатқан жұмыстар туралы айтып өтті.

– Қоғамдық қауіпсіздікті арттыруға бағытталған маңызды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Бұл жұмыстар құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету ісінің тиімділігін арттыруға және жаңа сын-қатерлерге дер кезінде ден қоюға мүмкіндік беріп отыр. Полиция қызметі жоғары

кәсібилікті, жауапкершілікті, батылдық пен адалдықты талап етеді. Тәуліктің кез келген уақытында халықтың тыныштығын күзетіп, кейінгі буынға адалдықтың жарқын үлгісін көрсетіп келесіздер, – деді ол.

Мерекелік жиында марапат алғандардың қатарында Алматы қаласы Полиция департаменті Тергеу басқармасының тергеушісі Заманбек Тазабеков те болды. Ол құқық қорғау саласындағы қызметінің ерекшелігіне тоқталып, көрсетілген құрмет үшін алғысын білдірді.

– Адал қызметіміз үшін Әкімнен марапат алдық. Тергеу саласында 5 жылдан астам еңбек өтілім бар. Қылмысты ашу, оны жан-жақты объективті қарап, тергеп-тексеру қиын. Алматы қаласында барлық полиция қызметі мамандандырылған, – деді тергеуші.

Салтанатты іс-шара мерекелік концертке ұласты. Қазақ эстрадасында өзіндік орны бар «Алатау серілері» тобы өнер көрсетіп, жиналған қауымға көтеріңкі көңіл күй мен ерекше рух сыйлады.

Полиция күніне арналған мерекелік жиын тәртіп сақшыларының қоғам алдындағы жауапты қызметін дәріптеп, олардың еңбегіне деген құрметтің тағы бір айқын көрінісіне айналды.

**Дана САДЫРҚАН.**  
Сурет: С.СЕРІКБАЙҰЛЫ.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



САРАП-TIME

# ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ БАЙЛАНЫС

## Қазақ пен өзбек ынтымақтастығы тереңдей түсті

**21** маусымда *Өзбекстан Президенті Әкімшілігінің Басшысы Саида Мирзиёева Қазақстанға сапарлай келді. Сапар аясында Қазақстанның Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болды. Сондай-ақ, Қазақстан Президенті Әкімшілігінің Басшысы Роман Склярмен, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринмен кездесулер өткізді. Саида Мирзиёева бауырлас өзбек елі Президенті Әкімшілігінің жетекшісі ретінде елімізге бұған дейін де келген болатын. Дегенмен, бұл жолғы сапарын жан-жақты қарастыруға тұрарлық деп санаймыз.*

### Қандай мәселелер талқыланды?

Ең алдымен, Өзбекстан Президенті Әкімшілігінің Басшысы Саида Мирзиёева Қазақстанның Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болды. Мемлекет басшысы өз сөзінде Саида Мирзиёеваның сапары Астана мен Ташкенттің ынтымақтастығын ілгерілету тұрғысынан ерекше мәнге ие екенін атап өтті. Кездесуде ең негізгі тақырып цифрландыру мен жасанды интеллект болды. Президент 2026 жыл Қазақстанда Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланғанына тоқталды. Сондай-ақ, Өзбекстанның осы саладағы жетістіктеріне биыл 11 сәуірде Бұқараға барған жұмыс сапарында куә болғанын тілге тиек етті.

Бұдан бөлек, кездесу барысында екі елдің сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы серіктестігін одан әрі кеңейту мәселелері талқыланды. Сондай-ақ, Қазақстан мен Өзбекстанда қолға алынған жүйелі саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалар жөнінде пікір алмасты.

Кейін Саида Мирзиёева Қазақстан Президенті Әкімшілігінің Басшысы Роман Склярмен кездесті. Онда екі ел арасындағы байланыстың жай-күйі мен болашағы туралы пікір алмасты. Қала берді, Президент Әкімшіліктері арасында байланысты нығайту туралы уағдаласты.

Өзбекстан Президенті Әкімшілігінің Басшысы сапар аясында ҚР Мемлекеттік



кеңесшісі Ерлан Қаринмен де кездесті. Кездесуде мәдени дипломатия, екі ел арасындағы байланысты нығайтатын жас-тардың рөлі және технологиялық байланыс мәселелері талқыланды.

Саида Мирзиёеваның сапары «Астана» халықаралық қаржы орталығына барумен аяқталды. Өзбекстан Президенті Әкімшілігінің Басшысы әлеуметтік желідегі жазбасында Ташкент халықаралық қаржы орталығын құруда Қазақстанның тәжірибесін зерттеу маңызды екенін атап өткен.

### Сенімге негізделген диалог

Саида Мирзиёева осымен төртінші рет елімізге сапармен келді. Бұған дейін 2024 жылы тамызда және 2025 жылы наурызда Президенттің көмекшісі лауазымында, ал 2026 жылы ақпанда және маусымда Президент Әкімшілігінің Басшысы лауазымында елімізге келген.

2024 жылы және 2026 жылы маусымда Қазақстан Президентінің қабылдауында екі рет болды. Президентпен алғашқы

рет кездесуде екі ел арасындағы көпжақты серіктестікті одан әрі ілгерілетуге қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Өзбекстанның одақтастық әрі стратегиялық сипаттағы қарым-қатынасын атап өтіп, жоғары деңгейдегі саяси диалогтың тиімділігін арттыра түсу үшін екі ел президенті әкімшіліктері арасындағы тығыз байланысты жолға қою маңызды екеніне назар аударған еді. Ол кезде Саида Мирзиёева Өзбекстан Президентінің кеңесшісі лауазымын атқаратын. Тек 2025 жылы 23 маусымда Президент Әкімшілігінің Басшысы лауазымына тағайындалды. Бұл қазақстандық дипломатияның және президентіміздің көреген саясатының айқын көрінісі болып саналады.

Екіншіден, Қасым-Жомарт Тоқаевтың екі ел президенттерінің әкімшіліктері арасындағы байланысты жолға қоюға назар аударуы тек екі ел басшылары арасында ғана емес, әкімшіліктері арасында институционалды диалогты нығайту саясаты болып саналады. Орталық Азия елдерінің

ерекшелігі президенттік институттардың тығыз диалогы екені бәрімізге белгілі. Ал Президент Әкімшіліктері үнемі назардан тыс қалады. Мемлекет басшысы бұдан бас тартып, ашық және институционалды байланысты нығайтуға талпыныс жасауда. Бұл алдағы уақытта екі елге ғана емес, тұтас аймағымызға оң әсер етпек. Сондықтан Саида Мирзиёеваның өз әріптесі Қазақстан Президенті Әкімшілігінің Басшысы Роман Склярмен кездесуі институционалды байланысты нығайту әрекеті болып саналады.

Осылайша Қазақстан мен Өзбекстан жоғары деңгейдегі саяси диалогты институционалдандырып келеді. Екі елдің Президенттері, Президент Әкімшіліктері, Парламенті мен Үкіметтері арасында өзара сенімге негізделген диалог нығаюда. Бұл тұтас Орталық Азияның қауіпсіздігіне, тұрақтылығына және дамуына оң әсер етеді.

**Пердехан ШӘМШИЕВ,**  
сарапшы.  
(Дереккөз: Akorda.kz).

СЕНАТ

# ЗАҢ ПӘРМЕНІН КҮШЕЙТЕДІ

**Елордада Сенат спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата Бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 25 маусымда өтетін Сенат отырысының күн тәртібін белгіледі.**

Бюро мүшелері Палатаның алдағы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экология және экономиканың жекелеген салаларын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңын екінші оқылымда, сондай-ақ бірқатар халықаралық келісімдердің ратификациясын қарау туралы қаулы қабылдады.

Отырыстың күн тәртібіне ҚР-ның «Психологиялық қызмет туралы» Заңы шығарылды. Онда уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың құзыреттері, сондай-ақ психологтар мен психологиялық көмек алушылардың негізгі құқықтары мен міндеттері белгіленді.

Заңдардың келесі топтамасында «Қазақстан Республикасындағы кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару мә-



селелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Кредиттік рейтингтік қызмет туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын жетілдіру және цифрланды-

ру, банкроттық, сондай-ақ мемлекеттік органдарды бағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар бар.

Сонымен қатар, алдағы бейсенбіде депутаттар бастамашылық еткен «Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу туралы» және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу, энергетика және атом саласын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар да қаралады. Мұндағы басты мақсат – радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қатынастарды реттеу тетіктерін белгілеу және күшейту. Заңда сондай-ақ, радиоактивті қалдықтарды жіктеу, ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды радиоактивті қалдықтар санатына ауыстыру, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу түрлерін санатқа бөлу реттелмек.

**Дайындаған**  
**Нұржамал ӘЛІШ.**  
(Дереккөз: senate.parlam.kz).



# МЕДИЦИНА МАЙТАЛМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

**Алматыдағы Республика сара-  
Айында Медицина қызметкері  
күніне арналған салтанатты іс-шара  
өтті. Кәсіби мереке аясында дәрігер-  
лер, мейіргерлер, сала ардагерлері  
және қаланың денсаулық сақтау жү-  
йесінің үздік өкілдері құрметке ие  
болды.**

Іс-шараға Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, сала ардагерлері, медициналық ұйымдардың басшылары, дәрігерлер, мейіргерлер және медицина қауымдастығының өкілдері қатысты.

Салтанатты жиынды ашқан Дархан Сатыбалды медицина қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, олардың адал еңбегі мен мамандыққа деген жауапты қызметіне алғыс білдірді.

– Бүгін біз тұрғындарымыздың денсаулығы мен өмірін қорғап жүрген жандарға шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Сіздердің мамандықтарыңыз үлкен жауапкершілікті, жоғары кәсібилікті және адамға деген адал қызметті талап етеді. Ең қиын сәттерде халыққа үміт пен сенім сыйлайтын – өздеріңіз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев денсаулық сақтау жүйесін дамыту, дәрігерлерді қолдау және медицина қызметкерлерінің мәртебесін арттыру мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі екенін бірнеше рет атап өтті. Біз сіздердің ерен еңбектеріңізді жоғары бағалаймыз және медицина қауымдастығының кәсіби дамуы мен тиімді жұмыс

істеуі үшін қолайлы жағдай жасауды жалғастырамыз, – деді ол.

Сонымен қатар, шаһар басшысы қалада медициналық инфрақұрылымды жаңарту, білікті мамандарды даярлау және азаматтарды сапалы әрі қолжетімді медициналық көмекпен қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыстар жалғасып жатқанын атап өтті. Оның ішінде денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын енгізуге ерекше мән беріліп отыр. Ал заманауи цифрлық шешімдер диагностика сапасы мен жеделдігін арттыруға, дәрігерлердің жұмыс тиімділігін көтеруге мүмкіндік беруде.

– Алматы қаласы – Қазақстан медицинасының көшбасшысы болып саналады. 1978 жылы дүниежүзілік денсаулық сақтау жүйесінің дамуына бетбұрыс әкелген тарихи құжат – Алматы декларациясы қабилданған болатын. Бірқатар көрсеткіштер бойынша Алматы қаласы тұрақты түрде республикалық деңгейде жоғары нәтижелер көрсетіп келеді, – деді қала басшысы.

Салтанатты кештің басты сәттерінің бірі – медицина саласының үздіктерін марапаттау рәсімі болды. Денсаулық сақтау саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі мен көпжылдық адал еңбегі үшін медицина қызметкерлеріне «Парасат», «Құрмет» және «Шапағат» жоғары мемлекеттік наградалары, «Ерен еңбегі үшін» медалі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ведомстволық наградалары, сондай-ақ «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» және «Саланың дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгілері табысталды.

«Үздік маман – 2026» қалалық байқауының жеңімпаздары да марапатталды.

Нұрсұлтан Ізбағамбетов – «Денсаулық сақтау саласының үздік менеджері», Марат Алматов – «Үздік стационар дәрігері», Әсел Әкімбаева – «Үздік медициналық санитарлық алғашқы көмек дәрігері», Ақмарал Халелова – «Үздік медициналық колледж оқытушысы», Халжан Кәрімова – «Үздік провизор», Маржангүл Құдайберді – «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама саласының үздік маманы», Индира Тоқбергенова – «Үздік санитариялық-эпидемиологиялық бейіндегі дәрігер» атанды. Республикалық байқаулардың жеңімпаздары да марапаттар табысталды. Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасы «Үздік стационар», №17 қалалық емхана «Үздік емхана», ал №2 Балалар қалалық клиникалық ауруханасы еліміздің «Үздік балалар ауруханасы» атанды. Сонымен қатар, «Үздік маман – 2026» республикалық байқауында «Үздік жедел медициналық көмек дәрігері» номинациясының жеңімпазы болып Алматы қаласы Жедел медициналық жәрдем қызметінің мобильді бригада дәрігері Мөлдір Сәрсембек табылды.

Салтанатты жиында Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова да медицина саласының қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

– Біздің қызметіміздің ең күрделі әрі маңызды міндеті – халыққа қолжетімді, сапалы және қауіпсіз медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев отандық денсаулық сақтау саласын дамы-

туға аса көңіл бөлуде. Осыған байланысты мемлекет тарапынан медицина қызметкерлерінің мәртебесін көтеру, әлеуметтік қолдау көрсету және құқықтық қорғауды күшейту жөніндегі жүйелі саясат жүріп жатыр, – деді министр.

Ақмарал Әлназарованың айтуынша, БҰҰ және ЮНИСЕФ-тің халықаралық бағалауы бойынша бүгінгі таңда күтілетін өмір сүру ұзақтығы мен нәресте өлімінің деңгейі бойынша Қазақстан Орталық Азия өңірінде бірінші болып көш бастап тұр. 2025 жылы Қазақстанда күтілетін өмір сүру ұзақтығы 75,97 жасқа жеткен. Бұл – еліміздің тәуелсіздік тарихындағы ең жоғары көрсеткіш.

Жалпы, Алматы қаласында 50 мыңға жуық медицина қызметкері бар. Ал Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына қарасты ұйымдарда 8 мыңнан астам дәрігер, 12 мыңға жуық медбике және 6 мыңнан аса кіші медицина қызметкері жұмыс істейді. Қаладағы медицина ұйымдарында түнгі уақытта шамамен, 1,5 мыңнан астам шұғыл көмек сұрап келеді. 400-ден астам ота жасалады. Түнімен 100-ден астам нәресте дүние есігін ашады. 2030 жылға дейін Алматыда 32 жаңа медициналық нысан салынып, тағы 14 нысан жаңғырту жоспарланып отыр. Медицинаның дамуына байланысты Алматыда қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім 34%-ға, қатерлі ісіктен болатын өлім-жітім 14%-ға азайған. Туберкулезден болатын өлім-жітім 2 есеге жуық төмендеді.

**Әзірлеген Досбол АТАЖАН.**

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

**23 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ**

## Алматы тыныштығын 7 мың полицей күзетеді

**Қала тыныштығы кімдердің қолында? Бүгін ата-  
лып өтіп жатқан Қазақстан полициясы күнінде  
бұл сұрақтың жауабы тіптен айқындала түспек. Ме-  
реке қарсаңында алып шаһардың қауіпсіздігін кірпік  
қақпай күзететін Алматы қаласы Полиция департа-  
ментінің еңбегі ерекше мақтауға лайық. Қазіргі таңда  
қала көшелеріндегі қоғамдық тәртіпті сақтау үшін  
7 мыңға жуық полиция қызметкері жедел әрі кәсіби  
деңгейде тәулік бойы күзетте тұр.**

Заманауи Алматы полициясы – заң мен тәртіптің, сонымен бірге озық технологиялардың орталығы. Қалада материалдық-техникалық жарақтандыру деңгейі жоғарылап, заманауи цифрлық шешімдер мен интеллектуалды бейнебақылау жүйелері толықтай іске қосылған. Бұл инновациялық қадамдар құқық қорғаушыларға қаладағы жедел ахуалды нақты уақыт режимінде бақылауға және кез келген қауіп-қатер белгілеріне дер кезінде, қатесіз әрекет етуге мүмкіндік беріп отыр.

Жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстардың арқасында Алматыдағы криминогендік ахуал тұрақты және толық бақылауда. Кейінгі үш жылдың көлемінде мегаполисте қылмыс деңгейінің төмендеу үрдісі айқын байқалады. Оң нәтижелер биылғы бес айдың қорытындысында да көрініс тапты. Мәселен, қала бойынша жалпы қылмыс деңгейі 10,9 пайызға төмендеп, сонымен қатар қылмыстарды ашу көрсеткіші 5,6 пайызға артты. Бұған қоса, қоғамдық орындарда жасалатын заңбұзушылықтар мен бұрын сотталған адамдар тарапынан қайталанатын қылмыстардың саны едәуір азайғаны қуантады.

Полиция департаментінің мәліметтеріне сүйенсек, қала аумағындағы қылмыстардың 80 пайыздан астамын басқа өңірлерден келген тұлғалар жасайды. Сонымен қатар, ауыр қылмыстардың елеулі бөлігі алкогольдік масаң күйде, негізінен тұрмыстық жағдайда және ойын-сауық орындарының маңында орын алатыны анықталған.

Осыған байланысты қалалық полиция алдын алу жұмыстарын барынша күшейтті. Бүгінде жергілікті және жалпы қалалық жедел-профилактикалық іс-шаралар тұрақты



ұйымдастырылып, қоғамдық орындардағы патрульдеу желілері тығыздалды. Әсіресе, түнгі ойын-сауық мекемелері орналасқан аудандарға ерекше назар аударылып, бақылау шаралары еселенді. Алматы қаласы Полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбектің сөзінше, алкогольге байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында «Алко-стоп» іс-шарасы өткізілді. Оның нәтижесінде 625 құқық бұзушы жауапкершілікке тартылды.

«Алкоголь өнімдерін заңсыз сатқаны үшін 243 кәсіпкер жауапкершілікке тартылып, айналымнан жалпы құны 40 миллион теңгеден асатын 13 тоннадан астам алкоголь өнімі тәркіленді. Көші-қон бақылауына ерекше назар аударылуға. «Қоныс» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында тіркеусіз тұрған 7,8 мыңнан астам адам, сондай-ақ көші-қон заңнамасын бұзған 700-ден астам шетел азаматы жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде 174 шетел азаматы еліміздің аумағынан шығарылды. Ойын-сауық орындарындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге де ерекше мән берілуде. Қала аумағында осындай 885 нысан жұмыс істейді, олардың 85-і қоғамдық тәртіпке барынша ықпал ететін объектілер ретінде белгіленген. Қабылданған шаралардың нәтижесінде бірқатар мекемелердің қызметі уақытша тоқтатылды. Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі де ерекше бақылауда», – деді ол.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

## АДАМ КАПИТАЛЫ АЛҒА СҮЙРЕЙДІ

**Жас кәсіпкер Әли бірнеше жыл бұрын шағын IT-компаниясын қаладағы коворкингтердің бірінде ашқан еді. Бүгінде оның командасы Қазақстанда ғана емес, Еуропа мен Таяу Шығыс нарығына цифрлық өнімдер экспорттайды. Компания қызметкерлерінің саны бірнеше есе өсіп, кеңсесі де кеңейді. Әлидің оқиғасы – алып шаһарымызда қалыптасып жатқан жаңа экономиканың жарқын көрінісі.**

2025 жылдың қорытындысы бойынша Алматының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі 2,3 триллион теңгеге жетті. Ал тікелей шетелдік инвестиция көлемі 8,5 миллиард АҚШ доллары болды. Бұл көрсеткіштер Алматының Қазақстан экономикасындағы рөлінің өзгеріп жатқанын аңғартады. Мәселен, бұрын қаланың негізгі артықшылығы сауда мен қызмет көрсету секторында болса, қазір инвестициялық ағындардың құрылымы да өзгере бастады.

## Таңдау неге Алматыға түседі?

Инвесторлар үшін ең маңызды факторлардың бірі – тұрақты нарық пен дайын инфрақұрылым. Қазіргі уақытта қаламыз әлемнің 160-тан астам елімен экономикалық байланыс орнатқан. Халықаралық компаниялар үшін де Алматы – Орталық Азия нарығына шығатын басты қақпа. Дамыған көлік желісі, қаржы институттарының шоғырлануы, жоғары білікті мамандардың болуы және тұтынушылық нарықтың ауқымы қаланың инвестициялық тартымдылығын арттырады.

2025 жылғы деректерге сәйкес, шетелдік инвестициялардың ең үлкен бөлігі көтерме және бөлшек сауда саласына бағытталған. Бұл секторға 4 миллиард АҚШ доллары немесе барлық инвестицияның 47 пайызы тартылған деуге болады. Екінші орында қаржы және сақтандыру қызметтері тұр. Аталған бағытқа 1,3 миллиард доллар инвестиция құйылған. Ал ақпарат және байланыс саласына 1,2 миллиард доллар бағытталуы кездейсоқ емес. Өйткені, әлемдік экономика цифрландыру дәуіріне аяқ басты. Көлік және қойма шаруашылығына тартылған 646 миллион доллар да Алматының логистикалық хаб ретіндегі әлеуетін көрсетеді.

Шаһар экономикасындағы маңызды өзгерістің бірі – инвестиция құрылымының өзгеруі. Бұрын негізгі қаржы құрылыс секторына салынатын. Қазір жағдай өзге-

## АЛМАТЫҒА ҚҰЙЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯ: НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

2025 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Негізгі капиталға салынған инвестиция **₸2,3** трлнТікелей шетелдік инвестиция **\$8,5** млрд

Орталық Азиядағы ең ірі деректерді өңдеу орталығы салынууда

Негізгі инвестор елдер  
Ресей  
Нидерланд  
Оңтүстік Корея  
Бельгия  
Қытай

ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯ ҚАЙ САЛАЛАРҒА БАҒЫТТАЛДЫ?

Көтерме және бөлшек сауда  
**₸4** млрд  
47%Қаржы және сақтандыру қызметі  
**₸1,3** млрд  
15,5%Ақпарат және байланыс  
**₸1,2** млрд  
14%Көлік және қойма шаруашылығы  
**₸646** млн  
7,5%

2026 ЖЫЛ: ӨСІМ ЖАЛҒАСУДА

Қаңтар–наурыз айларындағы инвестиция көлемі **₸373** млрдАқпараттық технологиялар және байланыс саласына **₸39** млрд **30%**

АЛМАТЫ – ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ХАБ

Жаңа жобалар **160** елIT және AI жобалары үшін салынатын жаңа кеңістік **150** мың шаршы метр

ше. Инвесторлар өндірісті жаңғыртуға, технологиялық жабдықтарға және цифрлық инфрақұрылымға көбірек қаржы бөле бастады.

2026 жылдың алғашқы айларында жабдықтар саудасы мен технологиялық жаңғыртуға бағытталған инвестициялардың үлесі 66 пайызға жетті. Бұл көрсеткіш кәсіпорындардың жаңа технологияларға көшуге дайын екенін көрсетеді. Экономистер мұндай үрдісті өнімділікті арттырудың негізгі факторы ретінде бағалайды. Себебі, қазіргі жаһандық нарықта бәсекелестік арзан жұмыс күші арқылы емес, технология мен инновация арқылы қалыптасып жатыр.

## Жасанды интеллект дәуірі

Маусым айында Алматыда өткен New Vision Forum халықаралық форумы да осы өзгерістердің айқын дәлелі болды. Үш күнге созылған форумға 4000-нан астам қатысушы жиналып, жасанды интеллект, цифрлық экономика, геосаясат және адам капитал мәселелерін талқылады.

Форумда сөз сөйлеген Еуропалық комиссияның бұрынғы басшысы Жозе Мануэл Баррозу жаңа геосаяси жағдайдың әлемдік экономикаға әсері туралы айтты.

Ал цифрлық экономика жөніндегі әлемге танымал сарапшы Дон Тэпскотт жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың жаһандық нарықтарды қалай өзгертетінін түсіндірді. Айтуынша, бүгінде бизнес үшін басты сұрақ – адамзаттың технологияға тез бейімделу мәселесі. Сондай-ақ, Қазақстанның цифрлық даму саласының өкілдері жасанды интеллект ауыл шаруашылығынан бастап білім беру, медицина және қаржы секторына дейін еніп жатқанын атап өтті.

Форум барысында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов алдағы жылдары қалада IT-компаниялар мен жасанды интеллект жобалары үшін 150 мың шаршы метрден астам жаңа кеңістік құрылатынын мәлімдеді. Сонымен қатар, мегаполисте Орталық Азиядағы ең ірі деректерді өңдеу орталығының құрылысы жүзеге асырылуда. Бұл жобалар технологиялық секторды дамыту мен жаңа инвестициялар тартуға мүмкіндік береді. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, цифрлық инфрақұрылымы дамыған қалалар жаһандық капитал үшін анағұрлым тартымды келеді.

Себебі, қазіргі инвесторлар өндіріс орындарымен қатар мәліметтер орталықтарының, жоғары жылдамдықты интернеттің және инновациялық экожүйенің болуына ерекше мән береді.

## Бәсеке күшейді

Жасанды интеллект саласының танымал сарапшысы әрі Siri қосымшасының авторларының бірі Люк Джулия форум барысында кәсіпкерлерді технологиядан қорықпауға шақырды. Оның айтуынша, болашақта бәсекелестік адамдар мен жасанды интеллект арасында емес, технологияны тиімді пайдалана алатындар мен пайдалана алмайтындар арасында болады. Осы тұрғыдан алғанда Алматының алдында маңызды міндет тұр. Қала инвестиция тартумен қатар жоғары білікті мамандарды ұстап қалуы және жаңа таланттарды қызықтыра алуы керек.

2026 жылдың алғашқы тоқсанында қалаға тартылған инвестиция көлемі 373 миллиард теңге болды. Ал ақпан айында ақпараттық технологиялар мен байланыс саласына салынған инвестиция 39 миллиард теңгеге жетіп, бір айдағы жалпы көлемнің үштен бірінің астамына жетті. Бұл цифрлар шаһар экономикасының жаңа кезеңге қадам басқанын көрсетеді.

Дана САДЫРҚАН.

Инфографика:  
Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

## Теңге құжатта да «Теңге»

**Ұлттық банк валюталық реттеу, сыртқы сектор статистикасын жүргізу және бухгалтерлік есепке қатысты бірқатар нормативтік-құқықтық құжатқа өзгерістер енгізуді көздеп отыр. Тиісті жобаға сәйкес, ресми құжаттарда қолданылатын кейбір атаулар мен терминдер жаңаша рәсімделмек. Атап айтқанда, орыс тіліндегі құжаттарда ұлттық валютаның атауы бұған дейінгі «тенге» нұсқасының орнына қазақ тілінің емле нормасына сәйкес «теңге» түрінде жазылады.**

Сонымен қатар, «шетелдік» терминін «шетелдік азамат» деп нақтылау ұсынылған. Ал қазіргі қолданыстағы «ақпараттық жүйелер» тіркесі «цифрлық жүйелер» атауымен алмастырылмақ.

Ұлттық банктің хабарлауын-

ша, бұл түзетулер Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Цифрлық кодекс талаптарына сәйкестендіру мақсатында әзірленген. Сондай-ақ, құжаттардағы құқықтық және тілдік бірізділікті қамтамасыз ету көзделіп отыр.

Жоспарланған өзгерістердің негізгі бөлігі 2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді. Ал Цифрлық кодекске қатысты нормалар 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Айта кету керек, ұлттық валютаның атауы өзгермейді. Тек ресми құжаттардың орыс тіліндегі нұсқасында оның жазылуы «тенге» емес, «теңге» болып бекітіледі. Бұл талап тек жаңадан қабылданатын нормативтік-құқықтық актілерге қатысты болады. Бұрын қабылданған құжаттарға өзгеріс енгізу қарастырылмаған.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.





ЗАҢ МЕН ТӘРТИП  
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

# СОТ БЕДЕЛІ – МЕМЛЕКЕТТІҢ БЕДЕЛІ

**Судья мен сот саласы қызметкерлерінің білімі, іскерлік қабілеті, күш-жігері халықтың заңды құқығы мен ар-намысын қорғауға бағытталған. Өңірлік коммуникациялар қызметі Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына баспасөз турыны ұйымдастырды.**



Іс-шара бірден екі маңызды датаға арналды. Бірі 24 маусым – Судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болса, екіншісі – биыл Қазақстандағы әкімшілік сот жүйесінің бес жылдығы. Баспасөз туры барысында журналистерге сот қызметінің негізгі бағыты таныстырылып, әкімшілік юстицияның азаматтар мен заңды тұлғалардың құқығын қорғаудағы рөлі, әкімшілік істерді қараудың ерекшеліктері туралы айтылды. Сондай-ақ, кейінгі бес жылдағы жұмыс қорытындысы шығарылды.

Әкімшілік соттағы экскурсияны Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы Ұлан Қажыкен өткізді. Судьяның айтуынша, бүгінде істердің 99 пайызы бейнебайланыс арқылы онлайн форматта қаралады. Бұл сот процесіне қатысушы тараптар үшін де, судьялар үшін де қолайлы. Ал тараптардың қалауы бойынша сот отырыстары аралас (гибридті) форматта да өткізіледі. Баспасөз туры кезінде журналистер жеке сот орындаушысына қатысты онлайн сот отырысының куәгері болды. Қазіргі істердің шамамен, 60 пайызы жеке сот орындаушыларының әрекеттері немесе әрекетсіздігіне байланысты қаралады.

Ұлан Қажыкен соттың жер дауларына қатысты істерді қарайтынын атап өтті. Сонымен қатар, оның сөзінше, заңнамаға жақында енгізілген өзгерістерге байланысты салық даулары бойынша істердің көбеюі мүмкін деген болжам бар. Сот өкілдерінің айтуынша, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс күшіне енгеннен бері әкімшілік соттар азаматтар мен кәсіпкерлердің мемлекеттік органдармен туындаған дауларда өз құқығын қорғауына мүмкіндік беретін маңызды тетікке айналды. Кейінгі бес жылда Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында



26 мыңнан астам әкімшілік іс қаралған.

Жаңа институтқа халық сенімінің артқанын талап-арыздар санының өсуінен байқауға болады. Егер 2021 жылы сотқа 2392 талап-арыз түскен болса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 6268-ге жеткен. Бес жыл ішінде 7173 сот шешімі шығарылып, оның 3701-і сотқа жүгінген тараптардың пайдасына қабылданған.

Татуластыру рәсімдерін дамытуға ерекше көңіл бөлінген. Осы кезеңде сот 3337 татуласу келісімін бекіткен. Бұл азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы әрбір төртінші дауды бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік берген.

Мемлекеттік органдардың қызметінде сот бақылауы да маңызды рөл атқарады. Кейінгі бес жылда 1114 жеке ұйғарым шығарылып, жалпы сомасы 36 миллион теңгеден асатын 499 ақшалай өндіріп алу іс-шарасы қолданылған.

Бүгінде Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты заман талабына сай жұмыс істейтін мекеме. Мұнда 80 қызметкер, оның ішінде 32 судья жұмыс істейді. Судьялар құрамының жартысынан астамы әйелдер. Кездесу аясында бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері соттың инфрақұрылымымен танысып, сот отырысы залдарын, фронт-офисті және азаматтарға арналған сервистік аймақтарды аралады.

Судьялармен кездесу барысында мемлекеттік органдармен дауларда азаматтардың құқығын қорғау, әділдік пен заңдылық қағидаттарын қолдану, татуластыру рәсімдерінің тәжірибесі және қоғамның сот жүйесіне деген сенімін арттыру іс-шаралары сияқты әкімшілік сот ісін жүргізудің өзекті мәселелері талқыланды.

Әкімшілік сот төрелігінің кейінгі бес жылдағы даму кезеңін қорытындылай келе, сот өкілдері оның басты міндеті өзгеріссіз қалғанын атап өтті. Ол – азаматтар мен бизнестің мемлекетпен туындайтын даулардағы құқығын сот арқылы тиімді қорғауды қамтамасыз ету. Осы уақыт ішінде әкімшілік соттар өз қажеттілігін дәлелдеп, елдегі заңдылық пен әділдік қағидаттарын нығайтудың маңызды тетігіне айналды.

пен МИБ жұмысы және коммуналдық қызметтер мәселелеріне қатысты болған. Мұндай сұрақтар барлық өтініштің шамамен, төрттен бір бөлігін немесе 25 пайызын құраған. Тағы 4 пайызы жылжымайтын мүлік пен мүлікті қатынастарға қатысты болса, 12 пайыздан астамы отбасылық құқық мәселесін қамтыған.

«Бұл көрсеткіштер Қоғамдық кеңес үшін маңызды, өйткені әрбір өтініш қала тұрғындарының күнделікті кездесетін мәселелерін көрсетеді. Жоба арқылы біз халықты толғандыратын өзекті проблемаларды анықтап, оларды шешу бойынша мемлекеттік органдар мен қалалық қызметтерге нақты ұсыныстар бере аламыз», – деді Нұрғали Сахов.

Оның айтуынша, жоба бірден екі маңызды міндетті атқарады: азаматтарға құқықтық көмек көр-

сетеді және қоғамдық мониторингті тиімді құралы қызметін атқарады. Ал Алматы қалалық адвокаттар алқасының өкілі Зарина Амбракулованың айтуынша, бұл жоба мемлекет кепілдік берген қолданыстағы заңгерлік көмек жүйесін толықтырып, азаматтардың білікті құқықтық кеңес алу мүмкіндігін кеңейткен.

Ал үкіметтік емес ұйымның заңгері Маржан Көбееваның айтуынша, жоба барысында 32 кездесу өткізілген.

«Ең маңызды нәтиженің бірі – халықтың құқықтық белсенділігінің артуы. Енді тұрғындар көптеген мәселені заң аясында шешуге белетінін және ерте кезеңде-ақ көмек алуға мүмкіндік бар екенін түсіне бастағаны байқалады», – деді Маржан Көбеева.

Нұржамал ӘЛІШ.

**Алматыдағы «Астана» алаңында «Есірткіге жол жоқ» атты флешмоб ұйымдастырылды. Іс-шараға мемлекеттік органдардың өкілдері, жастар ұйымдары, еріктілер мен қала тұрғындары қатысты. Олар салауатты өмір салтын насихаттап, есірткінің таралуына қарсы бастамаларды қолдады.**

## Есірткіге қарсымыз!



Флешмоб 26 маусым – Халықаралық нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес күніне орай өтті. Іс-шараның басты сәті – көлемі 10x5 метр болатын «Есірткіге жол жоқ» деген жазуы бар алып тудың жайылуы болды. Ұйымдастырушылар бұл акция қоғамның есірткі қаупіне қарсы ортақ ұстанымын көрсетіп, жастар үшін қауіпсіз орта қалыптастыру идеясын дәріптегенін айтты.

Қатысушылар жастар арасындағы алдын алу жұмыстарын күшейту, есірткінің зияны туралы ақпаратты кеңінен тарату және тұрғындарды салауатты өмір салтын таңдауға ынталандыру маңызды екенін атап өтті.

Ұйымдастырушылардың пікірінше, мұндай бастамалар қоғамның есірткі қатеріне қарсы көзқарасын нығайтып, есірткі қылмысына қарсы күресте жұртшылықтың белсенділігін арттыруға көмектеседі.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

## Салауатты өмірді таңдаймыз!

**Халықаралық нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес күніне арналған айлық аясында Алматы қаласындағы №57 мектепте «Taza Tandau Cup» волейбол турнирі өтті.**

Іс-шара Алматы қаласы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қолдауымен, жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға және нашақорлықтың алдын алуға бағытталған «Салауатты сана» жобасы аясында ұйымдастырылды.

Турнир барысында денсаулықты сақтау, спортпен тұрақты айналысу және белсенді азаматтық ұстанымының маңыздылығы кеңінен насихатталды. Қатысушылар алдында Алматы қаласы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Мәди Құрманжанов, аталған басқарманың аса маңызды істер жөніндегі аға жетекшісі, полиция подполковнигі Дәурен Көбеев және Жетісу ауданы Community Center орталығының бас маманы Ерболат Мұхтарұлы сөз сөйлеп, мұндай бастамалардың жас ұрпақ бойында жауапкершілік, тәртіп пен табысқа ұмтылу секілді маңызды құндылықтарды қалыптастырудағы рөліне тоқталды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, спортты дәріптеу және зиянды әдеттердің алдын алу. Жарысқа қатысқан командалар тартысты ойын көрсетіп, жеңіске деген жігерлері мен командалық рухтарын танытты. Спорттық іс-шара барысында есірткі мен басқа да зиянды заттардың адам денсаулығына тигізетін кері әсері туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ұйымдастырушылар жастарды спортпен шұғылдануға, бос уақыттарын тиімді пайдалануға және дұрыс өмірлік таңдау жасауға шақырды.

«Taza Tandau Cup» волейбол турнирі қатысушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың өзара достық қарым-қатынастарын нығайтуға да ықпал етті. Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаз командалар арнайы марапатталып, белсенді қатысушыларға Алғыс хаттар табысталды.

Рая ЕСКЕНДІР.

## Дау-дамайсыз шешеміз

**Алматыда тұрғындарға тегін құқықтық көмек көрсетуге бағытталған «Заң мен әділдік – елдің іргетасы» жобасының алғашқы кезеңі қорытындыланды. Жоба өкілдері Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында журналистерге жұмыс нәтижесін таныстырды.**

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Нұрғали Саховтың айтуынша, жоба жүзеге асырылған уақыт ішінде 400-ден астам адам құқықтық қолдау мен кеңес алған. Өтініштердің басым бөлігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, көпқабатты үйлерді басқару, ПИК



## Мұхит асып жеткен жәдігер

**Әлемдегі 50-ден астам елдің ұлттық аспабы Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінің қорында тұр. Міне, бүгін екі бірегей жәдігер тағы төрге ілінді. Айшықтай айтар болсақ, Португалия елшілігі музей қорына екі португал гитарасын сыйға тартты.**

Салтанатты рәсім музейдің 45 жылдық мерейтойы мен Португалияның Алматыдағы Құрметті консулдығының ашылғанына бір жыл толуына орай ұйымдастырылды.

Айтулы іс-шараға дипломаттар, мәдениет қайраткерлері, музей қызметкерлері мен қала тұрғындары қатысты. Салтанаты келіскен жиында Португалия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Жозе Амарал сөз сөйлеп, аталмыш тартудың айрықша символдық мәні бар деді. Сондай-ақ, Сыртқы істер министрлігінің өкілдері де ой бөлісіп, бұл бастама Қазақстан мен Португалия арасындағы мәдени байланыстарды одан әрі нығайта түсетінін жеткізді.

– Домбыра – қазақ халқының ұлттық болмысының ажырамас бөлігі болса, португал гитарасы біздің мәдениетіміздің символдарының бірі. Ол Португалияның ұлттық музыкалық мұрасы – фаду өнерімен тығыз байланысты. Сондықтан бүгінгі тарту – жәй ғана музыкалық аспапты сыйға беру емес, бұл екі халықтың достығы мен мәдени жақындасуының белгісі, – деді елші.

Сондай-ақ, дипломаттың айтуына қарағанда, фаду өнері ЮНЕСКО-ның мәдени мұралары тізіміне енген. Әрбір элементінің рухани мәні ерекше әрі тыңдарман санасына саз құйып қана қоймай, португал халқының жан-дүниесін, тарихын және ұлттық болмысын бейнелеп тұрады.

Орайы келгенде айта кетелік, португал гитарасы сыртқы пішіні мен құрылымы жағынан домбырадан айтарлықтай ерекшеленеді. Домбырада екі ішек болса, португал гитарасында он екі ішек бар. Аспап қарағай, махагони және өзге де ағаш түрлерінен жасалады. Қазіргі үлгідегі португал гитарасы музыкалық шеберлердің еңбегі нәтижесінде бірнеше ғасыр бойы жетіліп, толығып, бүгінгі қалпына жеткен.

Қазақстан мен Португалия арасында мыңдаған шақырым алшақтық болса да, мәдениет пен өнер кеңістігінде қашықтық жоқ. Оның үстіне, кейінгі жылдары Қазақстан мен Португалия мемлекеттері мәдени ынтымақтастықты кеңейту бағытында бірқатар жобалар жүзеге асып жатыр. Соның бірі – Алматы музейлерінде португалша аудиогидтерді қосу жобасы. Қазіргі уақытта қаладағы тоғыз музейде, оның ішінде Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде португалша аудиогид қосылған. Музей қызметкерлері болашақта бұл тәжірибені еліміздің басқа өңірлеріндегі орталықтарға да енгіземіз деп отыр.

**Дастан ҚАСТАЙ.**  
(Суреттер: музейден).

**Омархан Құмар – бүгінгі қазақ бейнелеу өнеріндегі ұлттық тарих пен рухани құндылықты шығармашылығының өзегіне айналдырған, өзіндік қолтаңбасы айқын кәсіби суретші. Оның туындылары халықтық рухқа толы, қазақ халқының тарихи жады мен мәдени мұрасын терең пайымдап, өткен мен бүгінді сабақтастыратын мазмұнды көркем образдар жасауымен ерекшеленеді.**



## Бояудағы «Ұлы рух»



Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық өнер музейінде талантты кескіндемеші, Суретшілер одағының мүшесі Омархан Құмардың «ҰЛЫ РУХ» атты көрмесі ашылды. Көрмеде автордың 2000 жылдардан бері орындалған жетпіске жуық таңдаулы туындысы ұсынылған. Экспозицияның негізгі бөлігін қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған ұлы тұлғалардың портреттік галереясы құрайды. Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейхан, Бауыржан Момышұлы, Мұхтар Әуезов, Ахмет Байтұрсынұлы және басқа да ұлт қайраткерлерінің бейнелері арқылы автор олардың ішкі болмысын, азаматтық ұстанымын және халық тағдырындағы орнын ашуға ұмтылады.

Сонымен қатар, көрмеде қазақ мемлекеттілігі мен ұлт тарихының маңызды кезеңдерін бейнелейтін Сұлтан Бейбарыс, Абылай хан, Оспан батыр секілді тарихи тұлғаларға арналған туындылар, сондай-ақ «Батыр бабалар», «Ұлы рух», «Мәмлүктер жеңісі.

Сұлтан Бейбарыс» атты тарихи және батальдық композициялар қойылған.

– Туған жер табиғаты – суретші шығармашылығының тағы бір маңызды арнасы. Кең тынысты тау пейзаждары, сайын дала көріністері мен табиғаттың әр алуан күйін бейнелейтін жұмыстар туған өлкенің сұлулығы мен табиғи болмысын асқақ сезіммен жеткізеді. Ал көлденең панорамалық шешімге құрылған саятшылық пен аңшылық тақырыбындағы шығармалар қазақ халқының дәстүрлі өмір салтын, табиғатпен үйлесімді қарым-қатынасын және көшпелі мәдениеттің ерекшеліктерін айшықтайды, – дейді Әбілхан Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінің қызметкері, көрме жетекшісі Самал Мамытова.

Ал ұлттық нақыштағы натюрморттарында халқымыздың тұрмыстық мәдениетін, мол дастарханы мен қолөнер бұйымдарын, дәстүрлі тұрмыстық әлемін көркем тілмен өрнектеп, осы құндылықтардың эстетикалық болмысын ашады. Осылайша көрме тарихи кескіндеме, портрет, пейзаж, батальдық жанр және натюрморт бағытындағы шығармаларды тоғыстыра отырып, қылқалам шеберінің кәсіби шеберлігі мен ұлттық құндылықтарға деген адалдығын айқын көрсетеді.

«ҰЛЫ РУХ» – суретші Омархан Құмардың 25 жылға жуық шығармашылық жолын қорытындылайтын алғашқы жеке көрмесі. Оның туындылары Алматыдан бөлек, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау облыстық музейлерінде де, сондай-ақ Түркия, Қытай, Кипр сынды елдердің жеке коллекцияларында сақтаулы.

**Нұржамал ӘЛІШ.**

## Тарих тағылымы

**Ұлттық құндылықтарды ұлықтау мен жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған тағылымды кездесу Алматыдағы «Анаға құрмет» музейінде өтті. Бұл жолы музей қонақтары Еңбекшіқазақ ауданының Шелек ауылындағы Әлия Молдағұлова атындағы орта мектептің 8–10-сынып оқушылары болды.**

Оқушылар алдымен музей экспозициясымен танысып, қазақ халқының анаға деген құрметін айшықтайтын жәдігерлерді тамашалады. Көне тұрмыстық бұйымдар, қолөнер туындылары, архивтік құжаттар мен тарихи фотосуреттер жастардың қызығушылығын арттырды.

Кездесудің ерекше бөлімі – «Қазақтың батыр қызы – Әлия» атты жылжымалы көрме болды. Ақтөбе облыстық Әлия Молдағұлова мемориалдық музейінің қолдауымен ұйымдастырылған көрме барысында оқушылар Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың өмір жолы мен ерлікке толы тағдыры туралы тың мәліметтермен танысты. Майдан даласынан жеткен тарихи деректер мен сирек жәдігерлер жас буынға үлкен әсер қалдырды.

Іс-шара барысында мектеп оқушылары ана туралы өлеңдер оқып, батыр қыздың өмірінен сахналық көрініс қойды. Сонымен қатар, 8 «а» сынып оқушысы Фатима Рахмонованың Әлия Молдағұловаға арнаған суреттері музей қорына табысталды. Кездесу соңында музей басшысы Гүлнар Әбіш пен мектеп директоры Жанар Маратқызы тарихи-мәдени танымды кеңейтуге және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған бірлескен жобаларды жүзеге асыру жөнінде келісімге келді.

Мұндай кездесулер жас ұрпақтың бойында анаға құрмет, Отанға сүйіспеншілік пен ұлттық рухты қалыптастырып, өткен мен бүгінді жалғайтын рухани көпірге айналып келеді.

**Рая ЕСКЕНДІР.**



# ӘЛЕМГЕ ЖЕТЕЛЕГЕН АРМАН

## Әділет Сапарғалимен әңгіме



**Әрбір қадам – жаңа таным, әрбір жол – тарих пен мәдениеттің көне беттерін ашу. Солтүстік Қазақстанның шалғай ауылынан шығып, бүгінде шетелде білім алып, «Step by Step» жобасы арқылы қазақ даласының тынысын әлемге жеткізіп жүрген жас жолаушы, контент-жасаушы Әділет Сапарғалимен әңгімелестік. Оның миссиясы қарапайым да терең ұлттық құндылықтарды жоғалтпай, табиғатты аялап, мәдениетімізді әлемнің барлық түкпіріне таныту.**

### «Бала арманым мені әлі жетелеп келеді»

– Әділет, әңгіме басында өзіңіз туралы білгіміз келеді...

– Мен Солтүстік Қазақстанның Үшалақан ауданы, Балуан ауылының тумасымын. Алты жасымда отбасымыз көрші Жаңа Есіл ауданына көшті, сонда есейдім. Қарапайым, еңбекқор отбасынан шықтым. Бала кезімде тентектеу, еркелеу бала болғанымды білемін. Сол бала күнімде көкейімде ел-жердің барлық түкпірін аралап, әлемді көрсем, ел танысам деген бір үлкен арман пайда болған. Қазір Түркияның Сакарья қаласында білім алып жүрмін, бірақ сол бала арманым мені әлі жетелеп келеді.

– Өзіңіздің «Step by Step» атты жобаңыз туралы айтыңызшы. Осы атауды қалай ойлап таптыңыз, мағынасы не және ол сіздің жұмысыңызды қалай сипаттайды?

– Толық атауым – «Go Step by Step». Мұндағы «step» – ағылшын тілінен аударғанда, «қадам» деген сөз, ал «steppe» – «дала» деген мағынаны білдіреді. Яғни тікелей мағынасы «қадам-қадаммен қырға, даланың ішіне қарай жүру, тану, зерттеу» дегенге саяды. Мамандығым бойынша ағылшын тілінің мұғалімімін. Сондықтан осы тілді пайдаланып, өз туған жерімді, қазақ даласын әлеммен байланыстырып келді. Контент жасауға деген қызығушылығым мәдениетіміздің бірқатар салт-дәстүрлері мен құндылықтарының біртіндеп жойылып бара жатқанын көргеннен кейін пайда болды. Көне дәстүрлер, қолөнер түрлері, тұрмыс-салт ерекшеліктері ұмытыла бастады. Міне, соларды сақтап, заманауи тілде жеткізіп, бүкіл әлемге танытуды мақсат еттім.

– Басты миссияңыз қандай? Адамдарға қандай ойды, қандай құндылықты жеткізгіңіз келеді?

– Басты мақсатым – саяхаттың адам өміріндегі маңызын көрсету. Қазақта «Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра» деген тамаша сөз бар ғой. Мен осы ұстанымды өмірлік қағида еттім. Жұмысым арқылы мәдениетімізді ескі, қолданыстан қалған жәдігер ретінде емес, заманауи өмірмен үндес, біздің күнделікті тіршілігімізде қолдана алатын тірі құндылық ретінде көрсеткім келеді. Тағы бір үлкен ойым – табиғатты қорғау. Біздің мәдениетіміз бен табиғатымыз егіз ұғым, біреуі жоғалса – екіншісі де өмір сүрмейді. Осыны насихаттап келем.

### «Даламызды қорғамасақ, шөлге айналады»

– «Дала», «қазақ жері», «Орталық Азия» деген ұғымдар сіз үшін қандай мағына береді? Бұл сөздерді естігенде алдыңызға қандай сурет елестейді?

– Шынында, бұл ұғымдар мен үшін қасиетті, ыстық әрі жанымға жақын ұғымдар. Мен Орталық Азияның көптеген аймақтарын, Қазақстанның әр түкпірін араладым. Бұл – біздің туған жеріміз, біздің тарихымыз бен мәдениетіміздің бесігі, ата-бабамыздың мекені. Бірақ осы сапар-

ларымда мен бір нәрсені ұғындым: егер біз даламызға қамқорлық жасамасақ, ол біртіндеп шөлейттен береді. Солай жалғаса берсе біздің даламыз адам өмір сүре алмайтын шөлдерге айналуы мүмкін. Моңғолияда болғанымда қуаңшылықтың, жердің құрғауының қандай ауыр зардаптар әкелетінін өз көзіммен көрдім. Сондықтан бұл сөздер мен үшін – жерді сақтау, оны гүлдендіру, мәдениетімізді болашаққа аманат ету деген мағынаны білдіреді.

– Осы уақытқа дейін саяхаттаған жерлеріңіздің ішінен ең қатты әсер еткені, көңіліңізден шыққаны қайсысы болды? Несімен ерекшеленді?

– Ең қатты әсер қалдырған және көңілімнен шыққан жер – Құлжа қаласы. Ол Алматы облысына жақын орналасқан, шекара маңындағы қала. Ол жақта сіз қазақша еркін сөйлесе аласыз, ұлттық тағамдарымыз бен салт-дәстүрлеріміз толық сақталған, мәдениеті жайнап тұр. Халқының мәдениеті, әдет-ғұрпы өте жақсы сақталған. Бір қызығы, мен ол жерге бар-жоғы бір-ақ күн қаламын деп барған едім, бірақ төрт күннің қалай өткенін де байқамай қалдым. Уақыт жетпей қалды деуге де болады. Тарихы да өте терең, ерекше қала. Көпшілікке аз белгілі жерлер де жеткілікті, бірақ дәл Құлжа маған рухани жағынан ең жақын әрі ыстық болды.

– Сіздің контенттеріңізді көріп, оқып жатқан көрермендердің реакциясы сізді қалай ынталандырады? Ең қызықты, күтпеген пікір немесе хат есіңізде ме?

– Шынымды айтсам, көрермендердің реакциясы мен күткендей болмады. Мен контентті әдейі шетелдіктерге арнап жасадым, олар біздің елді танысын, келсін, Қазақстанды немесе қазақтар тұратын басқа жерлерді көрсін деп ойлады. Бірақ адамдардың барлығы менің ағылшын тілімнің деңгейіне, тазалығына тәнті болып, дәл сол жағын мақтады. Мұны мен мүлдем күтпедім.

Бұл, әрине, қуантады, бірақ мен үшін басты нәтиже – мәдениетімізді таныту еді. Дегенмен, әрбір пікір, әрбір жылы сөз – алға қарай талпындырады, жаңа идеяларға шабыт береді. Әрбір жазған хат – үлкен қолдау, үлкен күш береді.

### Табиғат пен мәдениет – егіз ұғым

– Қазіргі кезде мәдениетіміз бен дәстүріміздің сақталуы және дамуы туралы не ойлайсыз?

– Мәдениетіміздің болашағы – оның дамуында, заманауи өмірмен үйлесуінде. Біз дәстүрді тек өткеннің жәдігері ретінде қарамауымыз керек, оны қазіргі заманның талаптарына сай өзгертіп, қолдана білуіміз қажет. Ең бастысы – жастардың көңілін бұру, олардың бойында ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілікті ояту.

Егер жас ұрпақ өз тарихын, мәдениетін білмесе, сүймесе – ол құндылықтардың болашағы жоқ. Сондай-ақ, табиғат пен мәдениет егіз ұғым екенін ұмытпайық: егер табиғат жойылса – мәдениет те өшеді. Сондықтан екеуін қатар алып жүру – міндетіміз.

– Алдағы уақытта қай өңірлерге немесе елдерге барып, зерттеп, контент жасағыңыз келеді? Жоспарларыңызда қандай бағыттар бар?

– Жоспарларым өте көп. Ең алдымен – адам аяғы аз басқан, шетелдіктер әлі аз білетін жерлерге барып, олардың тарихымен, дәстүрлерімен бөліскім келеді. Себебі, әлемде әлі ашылмаған, қызықты мәліметтер, сирек кездесетін құндылықтар өте көп. Сондай-ақ, Орталық Азияның басқа елдеріне де барып, сол аймақтардағы қазақ мәдениетінің іздерін іздестіргім келеді. Әрбір халықтың мәдениеті өзінше қызықты және оларды бір-бірімен байланыстырып көрсету – үлкен жұмыс.

– Жақын арада қолға алған жаңа жобаңыз немесе ерекше идеяңыз бар ма?

– Иә, бірнеше ауқымды жоспар бар.

Ең бастысы – өз туған жерімді және жалпы Қазақстанның ауылдарын дамытуға үлес қосу. «Ауыл дамымаса – ел дамымайды» деген сөз бар ғой. Сондықтан ауылдарды туризм арқылы көркейту, жергілікті халықтың әл-ауқатын жақсарту – басты мақсаттарымыздың бірі. Ауылдағы мәдениетті көтеру, сол арқылы елдің дамуына үлес қосу – маңызды міндет.

Тағы бір маңызды бағыт – әлемдегі климаттың өзгеруі, қуаңшылық мәселесі. Бұл тікелей біздің ауыл халқына, малшыларға әсер етуде: шөп жетіспейді, жайылымдар құрғап жатыр. Осы мәселелерді көтеріп, шешім табуға көмектескім келеді. Туризм арқылы ауыл эко-номикасын көтеру, табиғатты сақтау – осы екеуін қатар алып жүруді көздеп отырмын.

– Соңында өзіңіз туралы тағы не айтқыңыз келеді, оқырмандармен бөліскіңіз келетін ақпарат бар ма?

– Менің басты қағидам – ешқашан тоқтамау, әрдайым алға жылжу. «Step by Step» жобасы да сол үшін жасалған: қадам-қадаммен жүріп, даламыздың мұрасын сақтап, оны әлемге таныту және табиғатымызды болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдыру. Ең бастысы – өз жерімді, өз мәдениетімді сүйіп, оған қамқор болу – әрқайсымыздың қолымыздан келеді. Әрбір қадамымыз – елдің дамуына, мәдениеттің өркендеуіне қосылған үлес болсын деп тілеймін.

Әңгімеңізге рахмет!

### P.S.:

Әділет Сапарғалидың әңгімесінен туған жерге деген сүйіспеншілік пен ұлттық құндылықтарға деген жанашырлық анық байқалады. Қазақ даласын әлемге танытуды мақсат еткен жас саяхатшының бастамалары ауыл туризмін дамытуға, ұлттық мұраны насихаттауға және табиғатты қорғау мәселелеріне қоғам назарын аударуға бағытталған. Қадам-қадаммен қырға бет алған оның жолы көптеген жастарға туған жерді танып, бағалауға шабыт беретіні сөзсіз.

Сұхбаттасқан  
Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

ЖАС ТҮЛЕК

# ИЕСІН ТАПҚАН «АЛТЫН БЕЛГІ»

**Биыл Алматы мектептерін аяқтаған түлектер өте жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Оқу жылының қорытындысы бойынша 790 түлек барлық пәннен жоғары нәтиже көрсетіп, «Алтын белгіге» ие болды.**

Сонымен қатар, 2083 мектеп бітіруші үздік үлгідегі аттестат алса, 9-сыныпты аяқтаған 2168 оқушыға үздік аттестат табысталды. Биыл да аттестаттарды салтанатты түрде табыстау рәсімдері дәстүрге сай күндіз ұйымдастырылды. Бұл түлектердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қоғамдық тәртіпті сақтауға және мектеп мәдениетін нығайту үшін жасалған қадам.

Бұл ретте түлектер де, ата-аналар да түсіністік танытып, қолдау білдірді. Салтанатты жиындарға ұстаздар, ата-аналар, қоғам қайраткерлері, білім саласының ардагерлері мен Қамқоршылық кеңес мүшелері қатысты.

Биылғы түлектер әлеуметтік және қайырымдылық бастамаларға да белсенді түрде қатысты. Олар «Мектепке кітап сыйла» және «Мектепке сый» акцияларын қолдап, аумақтарды көгалдандыруға, ағаш пен гүл егуге атсалысты. Сондай-ақ, әлеуметтік тұрғыдан осал отбасыларға және арнаулы медициналық мекемелерге қолдау көрсетті.



«ТАЛАПКЕР – 2026»

## Құжат қабылдау басталды



**Маусымның 20-сынан бастап ҰБТ тапсырып қойған және білім беру гранттарының конкурсына қатысуды жоспарламайтын талапкерлер таңдаған жоғары оқу орындарына ақылы негізде оқуға түсу үшін құжаттарын тапсыра бастайды. Сондай-ақ, білім беру грантына үміткерлердің құжаттары ағымдағы жылғы 13–20 шілде аралығында қабылданады. Осы кезеңде талапкерлер оқуын жалғастыруды жоспарлаған білім беру бағдарламалары мен жоғары оқу орындарын таңдай алады.**

Білім беру гранттарының конкурсына қатысуға өтінімдерді таңдалған жоғары оқу орнына қарамастан кез келген ЖОО-лардың қабылдау комиссиялары қабылдайды. Талапкерлерге ыңғайлы болу үшін өтінімді ЖОО-лардың виртуал-

ды қабылдау комиссиялары және eGov электрондық үкімет порталы арқылы онлайн форматта тапсыру мүмкіндігі де қарастырылған.

Министрліктің мәліметінше, «Оқуға түсу үшін минималды шекті балдар бұрынғы деңгей-

де қалады. Ұлттық жоғары оқу орындарына түсу үшін шекті балл – 65 балл, басқа жоғары оқу орындарына – 50 балл, «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – 75 балл, «Денсаулық сақтау» білім беру саласы бойынша – 70 балл, «Құқық» даярлау бағыты бойынша – 75 балл.

Бұл ретте «Қазақстан тарихы» және ҰБТ-ның екі бейіндік пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл, ал «Оқу сауаттылығы» және «Математикалық сауаттылық» пәндері бойынша кемінде 3 балл жинау қажет. Жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларының топтары бойынша өздерінің шекті балдарын белгілей алатынын атап өткен жөн», – дейді.

Шығармашылық және арнайы емтихандарды өткізу, білім беру бағдарламаларының ерекшеліктері, оқу жағдайлары, жатақханаларда тұру және оқуға түсуге қатысты басқа да сұрақтар бойынша талапкерлерге өздерін қызықтыратын жоғары оқу орындарының қабылдау комиссияларына тікелей хабарласуы керек. Жалпы, жоғары оқу орындарына оқуға түсу үшін құжаттар қабылдау 2026 жылғы 25 тамызға дейін жалғасады.

«ЕҢ ҮЗДІК КОМАНДА»

**Алматы үшін биылғы оқу жылы ерекше табысқа толы болды. Биыл Алматы мектептерінің 160 мыңнан астам оқушысы ғылыми және шығармашылық байқауларға қатысып, 2,7 мыңнан аса жүлдеге ие болған. Осылайша Алматы қаласының құрамасы 24 жыл қатарынан жаратылыстану-математикалық бағыттағы республиканың үздік олимпиадалық командасы атанып отыр.**

## 24 жыл республика көшін бастап келеді



Бұған қоса, Халықаралық деңгейдегі білім додаларында да алматылық оқушылар жоғары нәтиже көрсеткен еді. Мәселен, олар Литвада өткен European Mathematical Olympiad, Тунистері I-FEST<sup>2</sup> және АҚШ-тағы FIRST Championship секілді беделді жарыстарда жалпы саны 99 медаль жеңіп алды. Сонымен қатар, қалада білім беру инфрақұрылымын дамыту жұмыстары да қызу жүріп жатыр. 2025–2026 оқу жылында 37 білім беру нысаны пайдалануға беріліп, нәтижесінде 40 мыңға жуық жаңа орын ашылды. Бұдан бөлек, қосымша оқу корпустары мен мемлекеттік балабақшалар салынып жатыр.

Бұл ретте қалалық Білім басқармасының басшысы Сәкен Аралбаев білім беру саласында Алматы қаласы тек екінші ауысымды қысқартуды ғана көздемей, білім сапасын басты орынға қойып отырғанын жеткізді:

– STEM-зертханалары, робототехника және жасанды интеллект кабинеттерімен жабдықталған заманауи мектептер, жаңартылған телекоммуникация колледжі, «Самғау» мен «Шабыт» шығармашылық орталықтары қазіргі қоғам сұранысына сай. Сонымен қатар, ата-ана қамқорынан тыс қалған балаларға арналған «Жанұя» кешені де толықтай жаңғыртылды», – дейді басқарма басшысы.

Ол сондай-ақ, оқушылардың жазғы демалыс уақытына арналған «Балалар кітапханасы» жобасы да көпшіліктің қызу қолдауына ие болғанын атап өтті. Бұл жоба балаларға кітап оқумен қатар фильм көруге дұрыс бағыт беруді көздейді.

Бетті әзірлеген  
Рая ЕСКЕНДІР.

Сурет: автор және Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

АҚПАРАТ АЙДЫНЫ

## Жаңа басылым

**БАҚ-тың қатары жаңа басылыммен толықты. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының» «Арнайы педагогика» ғылыми-практикалық журналы жарыққа шықты. Оқырманна жол тартқан «Арнайы педагогика» журналы білім беру саласының мамандары, педагогтері, зерттеушілері және осы бағыттың дамуына қызығушылық танытушыларға арналған.**

Журнал беттерінде арнайы білім беру саласындағы заманауи ғылыми зерттеулер, озық педагогикалық тәжірибелер, әдістемелік ұсынымдар, аналитикалық және практикалық бағыттағы материалдар жарияланатын болады.

Сондай-ақ, жаңа басылым арнайы білім беру саласындағы кәсіби диалогты дамытуға, тәжірибе алмасуға және үздік тәжірибелерді таратуға таптырмайтын тиімді алаң.



# ТАҒДЫРЫН АРҚАНҒА БАЙЛАҒАН

## құрылыстағы альпинистер...

**Әлемдегі ең биік ғимарат – Дубайдағы 828 метрлік Бурдж-Халифа ғимаратының 24 мыңнан астам терезесін жуу үшін 36 альпинистің 3-4 ай уақыты кетеді екен. Жұмысты бітіре сала, өндірістік альпинистер қайтадан бірінші қабаттан бастап шыны терезелерді жууға көшеді. Бүгін біз осындай жанкешті кәсіп иелері – құрылыс альпинистеріне тақырып арнамақпыз. Бірақ кейіпкерлеріміз алматылықтар.**

да келіп жатқаны жасырын емес. Қазір альпинистік жабдықтарға ұқсас құралдарды кез келген базардан сатып алуға болады, ал YouTube-та құрылыстағы альпинизмді үйрететін түрлі бейнесабақтар еркін қолжетімді. Кейбірі қысқа мерзімді бейнероликтерді көріп-ақ өздерін маман санап, биіктіктегі жұмыстарды атқаруға тырысады. Өнеркәсіптік альпинизм – тек құралды пайдалануды білу емес, қауіпсіздік техникасын жетік меңгеруді, арнайы дайындық пен тәжірибені талап етеді», – деді ол.



Жерден жүздеген метр биіктікке өрмелеп, тағдырын арқанға байлаған альпинистердің бірі Данияр Насыров мұндай жауапты жұмысқа көп адамның тәуекелі бара бермейді. Салаға көбіне экстримге қызығатын жандар келеді дейді.

Заңғар биіктен арқанмен жерге түсу біз үшін ерлікпен пара-пар болса, альпинистерге үйреншікті жұмыс.

Он үш жылдық тәжірибесі бар құрылыс альпинисі Даниярдың бұл салаға келуіне туған ағасы себепші болған. Ағасының биіктегі жұмысы туралы айтқан қызықты әңгімелерін мектепте оқып жүрген кезінде естіп өскен ол альпинист болатынын сол кезде-ақ шешіп қойыпты.

«2013 жылы оқуды бітіре сала ағамның қасына жұмысқа тұрдым. Содан бері бірде-бір рет кәсіп ауыстырмадым, тек өндірістік альпинизммен айналысып келемін. Ағамның себеп болуымен жолым осы арнаға бұрылды деуге де келеді», – дейді Данияр.

Даниярдың айтуынша, олардың әрбір жұмыс күні аса жоғары жауапкершіліктен басталады.

«Біз жұмысқа кіріспес бұрын ең алдымен арқандарды, бекіткіш темірлерімізді, төмен түсуге арналған құрылғылар мен барлық жабдықты мұқият тексереміз. Содан кейін ғана алда тұрған тапсырманың қиындығы мен жағдайын бағамдаймыз. Жұмыс біткен соң да дәл осылай құрал-саймандарды қайта қарап шығамыз. Биіктікте біздің өміріміз осы құралдарға тікелей байланысты», – деді құрылыс альпинисі.

Әрине, қатерге толы қызметте тәуекелмен қорқыныш та қатар жүреді. Кейіпкеріміз кез келген қауіптің алдын алу адамның өзіне байланысты екенін айтады. Нысанға келгенде арқанды қай жерге байлау керек, оны қалай бекітіп, қалай созып тарту қажет – мұның бәрін маман өзі шешеді.

### «Хобби емес, кәсіп»

Данияр көпшілік арасында жиі кездесетін бір қате түсінік туралы да айта кетті. Көбіне адамдар қала ішіндегі құрылыс альпинизмі мен таудағы шыңға өрмелеуді бір нәрсе деп ойлайды екен.

«Табиғаттың аясында серуендегенге не жетсін, шіркін. Бірақ мен альпинизмді хобби деп емес, мамандық, табыстың көзі деп қабылдаймын. Екеуі екі бөлек дүние. Қолданатын құралдары да, қауіп деңгейі де екі түрлі, оқыту жүйесі де ұқсамайды. Иә, біздің Алматының асқар таулары жартаста өрмелеп, шыңдарды бағындыруға суранып тұр. Бірақ біздің кәсіп күш пен уақытты өте көп қажет етеді. Жылына бір-екі рет табиғат аясына шықсақ, соның өзіне қуанамыз. Қалған уақытта тек жұмыс. Десе де, бұл іш пыстырарлық кәсіп дей алмаймын, зәулім үйлердің төбесінде жүріп-ақ адреналин мен әдемілікті сезінуге болады», – дейді ол.

Альпинистің қызметіндегі ең сүйікті сәті – таңғы уақыт екен. «Әсіресе, жаңбыр сіркіреп өткеннен кейін, таңғы сағат жеті-сегіздерде зәулім үйлердің шатырына, айталық, 23-қабатқа көтерілгенде, Алматы мен Алатау дәл көз алдында тұрады. Оны айтып жеткізу қиын, өзің сезініп көруің керек. Жұмыс бабымен басқа қалаларда да көп іссапарда болдым, бірақ біздің тауларға тең келері жоқ, ерекше әрі асем», – деді кейіпкеріміз.

«Табыс мәселесіне келсек, бұл жұмыстың ақысы да төккен теріңе, еңбегіңе сай. Айына қанша табатынымды нақты айтпай-ақ қояйын, бірақ өз ісін білетін маман күніне кем дегенде отыз мың теңгеден жоғары табыс табады. Яғни бір күндік нәпақаң отыз мыңнан кем болмайды».

Данияр өзінің тәжірибесіндегі ең қызықты әрі қиын сәттерді былай деп сипаттайды:

«Күнделікті жұмыс барысында өлім мен өмірдің арасында жүреміз. Мен үшін ең қиыны аяқты тірейтін ештеңе болмай, бос кеңістікте асылып тұратын кездер. Мысалы, ғимараттың шатыр жиегі қабырғадан бір метрден астам сыртқа шығып тұрады. Сол жерден арқанмен төмен түскенде, денен қабырғадан алшақтап кетеді де, аяғың ештеңеге жетпейді. Балконның астына кіріп жұмыс істеу керек болғанда немесе осындай ернеулерден өткенде жүрек соғысың жиілейді. Міне, ең қызықты әрі қауіпті тұсы осы. Өзің абай болмасаң, кез келген салада қауіп бар деп ойлаймын».

Биіктіктегі жұмыстың тағы бір күрделі тұсы – табиғаттың тосын мінезі. Онда жүргенде аяқастынан жел тұрып, соңы нөсер жаңбыр мен бұршаққа ұласып кететін кездер болады. Құрылыстағы альпинистер биікке өрмелеместен бұрын ауа райының болжамын үнемі жіті бақылап отырады. Бұл кәсіпте қауіпсіздік мәселесіне келгенде ешқандай немқұрайлылыққа, еріншектікке жол берілмейді. Әрдайым арқандарды мұқият тексеріп, құрал-сайманды сайлап отыру қажет.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

### Қауіп-қатері басым мамандық

Өнеркәсіптік альпинизм – алып мегаполистер дамып, аспанмен таласқан ғимараттар бой көтергеннен кейін пайда болған мамандық, қауіп пен қатерге толы кәсіп. Таныс та, бейтаныс салада кәсібін дөңгелетіп отырған алматылық кәсіпкер мен құрылыстағы альпинистке хабарласып, тілдесіп көрдік.

Жақында Астанадағы Бәйтерек монументінің сыртқы бөлігін жуып жүрген өндірістік альпинистердің видеосы әлеуметтік желіде лезде тарады. Кадрда мамандар 97 метр биіктіктегі нысанның әйнектерін арқанға байланып, тазалап жатқанын көруге болады. Бұл таспаға түсіп қалған бір-ақ кадр. Әйтпесе, келбеті мен сәулеті келіскен Алматыдағы биік ғимараттардың қасбеттерінен құрылыстағы альпинистерді жиі көреміз. Құрылысы қарқынды жүріп жатқан Алматыдай қалада бұл салаға сұраныс жоғары екені айтпаса да түсінікті. Бірнеше қабаттан тұратын ғимараттардың қасбеттері мен терезелері шаң басып кірлесе, тұрғындардың өздігінен жуа алмайтыны белгілі. Сондай кезде өндірістік альпинистер көмекке келеді. Біреулер оларды жәй «терезе жуушылар» деп түсініп, кәсіптің байыбына жете алмай жатады. Көпшілік мұндай жұмыстың өнеркәсіптік альпинизм деп аталатынын, тіпті, университетте мамандық ретінде оқытылатынын білмейді.



Істің көзін тапқан «Артель высотниковъ» компаниясының директоры Сергей Чупин нарықта сұраныс жоғары, бірақ мықты альпинистер аз дейді.

Машақаты көп жұмысқа асқан жауапкершілікпен қарайтын Сергей шаһардағы кәсіптік альпинизмнің қырсырын бөлісті.

«Қалада өндірістік альпинизм – жылдан-жылға сұранысы артып келе жатқан кәсіптердің бірі. Бұған ескі тұрғын үйлердің көптігі, жаңадан салынған ғимараттардағы кемшіліктер мен заманауи сәулет нысандарының күтімді қажет етуі әсер етті», – дейді ол.

Кейіпкеріміздің сөзінше, тұрғындар көбіне үйінің қасбетін әрлетіп, биік жерлерді жөндеу үшін жүгінеді. Шынымен қапталған ғимараттарды жиі-жиі тазалап, жуу керек.

«Альпинистердің жұмысы мұнымен шектелмейді, әрине. Олар биіктіктегі түрлі жұмыстарды атқарады. Қасбеттерді жөндейді, терезелерді тазартады, жарнамалық құры-

лымдарды орнатады, монтаждау және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізеді. Қарапайым жұмысшылар істей алмайтын немесе арнайы техниканы қолдану тиімсіз болатын орындарда дәл осы мамандардың еңбегі қажет. Алматыда өнеркәсіптік альпинистер тұрғын үйлерде, сауда орталықтарында, спорт кешендерінде, өндірістік нысандарда және жеке үйлерде жұмыс істейді. Қаладағы көз ілестірмес құрылыс қарқыны мен биік ғимараттардың көбеюі кәсіби альпинистерге деген қажеттілікті арттырып отыр», – дейді Сергей Чупин.

### «Романтика іздеудің керегі жоқ»

Альпинизмнің қай-қай түрін романтикаға толы, қызықты кәсіп дейтіндер көп. Алайда, өндірістік альпинизм – өте үлкен жауапкершілікті талап ететін ауыр еңбек. Мұнда жақсы табыс табу үшін жұмысты жылдам, сапалы әрі мінсіз орындау қажет.

Оның айтуынша, соңғы екі жылда Алматыда өнеркәсіптік альпинистерге қатысты жазатайым оқиғалар туралы ақпарат тіркелмеген.

«Кейінгі кездері жастар өнеркәсіптегі альпинизмге көптеп келіп жатыр. Бірақ арнайы даярлығы жоқ адамдардың

### ✓ ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

- \* **Өнеркәсіптік альпинизм – спорттан туған кәсіп. Бұл саланың алғашқы мамандары кәсіби альпинистер, үңгір зерттеушілері және құтқарушылар болған. Кейін олардың тәжірибесі құрылыс пен өнеркәсіпке енгізілді.**
- \* **Әлемдегі ең алғашқы құрылыс альпинистерінің бірі – Петр Телушкин. Ол 1830 жылы Санкт-Петербургтегі Петропавл соборының шпиліне зақымданған крестті жөндеу үшін ондаған метр биіктікке арнайы техникасыз көтерілген.**
- \* **Кеңес Одағында өндірістік альпинизм соғыс кезінде қолданылған. Ленинград қоршауы кезінде альпинистер қаланың алтын жалатылған күмбездері мен шпильдерін бүркеп, оларды жау авиациясы мен артиллериясына нысана болудан сақтаған.**

## ҚАУЛЫ

*Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 22 маусымдағы №2/195-885 қаулысы*

**Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 4 желтоқсандағы №-41.05/1374-И хатының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәріз сорғы станциясының құрылысы үшін жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын:

1) Бексултан Модалимович Модалимовтың Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Томирис» шағынауданы, Шыңжожа батыр көшесі, 72/6 мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-001-838), ауданы – 0,0653 га;

2) Нургүл Тагаевна Шоканованың Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Томирис» шағын ауданы, Жәпек батыр көшесі, 23/6 мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-001-936), ауданы – 0,0639 га;

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелеріне жер учаскесінің өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

<b>Алматы қаласының әкімі</b>	<b>Д.САТЫБАЛДЫ</b>
-------------------------------	--------------------

## ШЕШІМ

**Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ**

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 10 маусымдағы №308 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2026 жылғы 17 маусымда №226439 болып тіркелді.

<b>2026 жылғы 10 маусымдағы</b>	<b>ШЕШІМ</b>	<b>№308</b>
«Алматы қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 15 сәуірдегі №1111 шешіміне өзгеріс енгізу туралы		

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Алматы қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 15 сәуірдегі №1111 шешіміне (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде №195697 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

қосымшада:

Алматы қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымша-сына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<b>Алматы қаласы мәслихатының төрағасы</b>	<b>М.ОТЫНШИЕВ</b>
--	-------------------

*Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 10 маусымдағы №308 шешіміне қосымша*

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 15 сәуірдегі №1111 шешімімен бекітілген

<b>Алматы қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер</b>		
№	Атауы	Бағасы, теңгемен (16% ставка бойынша ҚҚС-ты ескере отырып)
1	Айына абаттандырылған және абаттандырылмаған секторлардың 1 тұрғынына халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тариф	744,1*
2	1 текше метр тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тариф	3 832,5

**Ескерту:**

Халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтардың жекелеген санаттары үшін мынадай мөлшерде жеңілдіктер көзделген:

100% жеңілдік – Ұлы Отан соғысының қатысушыларына;
50% жеңілдік – Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілгендерге,

I топтағы мүгедектіп бар адамдарға, көпбалалы аналарға, оның ішінде балаларға, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға, мүгедек балаларға, жетім балаларға;

25% жеңілдік – II топтағы мүгедек адамдарға және халықтың әлеуметтік осал топтарының өкілдеріне.

Жеңілдіктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беріледі және тиісті санатқа жататынын растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда туынуысы өтініш берген күннен бастап есеп айырысу кезінде қолданылады.

**Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ**

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 10 маусымдағы №309 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2026 жылғы 17 маусымда №226444 болып тіркелді.

<b>2026 жылғы 10 маусымдағы</b>	<b>ШЕШІМ</b>	<b>№309</b>
<b>Алматы қаласында жерлеу және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы</b>		

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-8-тармағына, «Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы №48 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18771 болып тіркелген) сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Алматы қаласында жерлеу және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. «Алматы қаласында Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 8 маусымдағы №139 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<b>Алматы қаласы мәслихатының төрағасы</b>	<b>М.ОТЫНШИЕВ</b>
--	-------------------

*Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 22 маусымдағы №2/195-886 қаулысы*

**Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесінің бөлігін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 17 наурыздағы №25.1-25.11/186-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәріз сорғы станциясы құрылысы үшін, Ибиб Абдулакимович Избакиевтың, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Зубарев көшесі, 5 мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-314-041-003, жалпы ауданы 0,1142 га жер учаскесінен ауданы 0,0476 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүргінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иесін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесінің бөлігінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесінің бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін «Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

<b>Алматы қаласының әкімі</b>	<b>Д.САТЫБАЛДЫ</b>
-------------------------------	--------------------

*Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 10 маусымдағы №309 шешіміне қосымша*

## Алматы қаласында жерлеу және зираттарды күтіп–ұстау ісін ұйымдастыру қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Алматы қаласында Жерлеудің және зираттарды күтіп–ұстау ісін ұйымдастырудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы №48 бұйрығымен бекітілген Жерлеудің және зираттарды күтіп–ұстау ісін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді және жерлеудің және зираттарды күтіп–ұстау ісін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Зират қорымдарын, крематорийлерді, колумбарийлерді күтіп-ұстауға және пайдалануға, қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеуді және қайта жерлеуді ұйымдастыруға, сондай-ақ жерлеу мақсатындағы объектерлеу қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар «Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 тамыздағы № ҚР ДСМ-81 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №24066 болып тіркелген) бекітілген санитариялық қағидаларында айқындалады.

Зират қорымдарын, крематорийлерді жобалау қағидаттарын айқындау және оларды күтіп-ұстауға, жерлеу ісін, жерлеу салт-жорасын (адамның сүйектерін немесе күлін жерлеу рәсімін) ұйымдастыру тәртібіне, сондай-ақ жерлеу орындарын күтіп–ұстауға және Қазақстан Республикасындағы жерлеу ісі мәселелері жөніндегі мамандандырылған қызметтердің жұмысына ұсынымдар «Қазақстан Республикасының Зираттарды жобалау және күтіп-ұстау» қағидалар жинағымен» (ҚР ҚЖ 3.02-141-2014) айқындалады.

2. Осы қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) азаматтық хал актілерін тіркеу органы (бұдан әрі – тіркеуші орган) – азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді және азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуге байланысты Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді басқа да түрлерін жүзеге асыратын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы;

2) жерлеу – санитариялық, табиғатты қорғау, қала құрылысы және өзге де қағидалар мен нормаларға қайшы келмейтін, марқұмның тілегіне, діни сеніміне, әдет-ғұрпына және дәстүрлеріне сәйкес қайтыс болған адамның денесін (сүйегін) жерге (қабірге, лакатқа) жерлеу немесе күлі бар урнаны қабірге, сағанаға жерлеумен отқа жағу (кремациялау) жөніндегі салт-жора әрекеттері;

3) жерлеу орны – қайтыс болғандардың мәйіттерін (қалдықтарын) жерлеуге арналған зираттар, қайтыс болғандардың күлі бар урналарды жерлеуге арналған қайғы қабырғалары, қайтыс болғандарды жерлеуге арналған крематориялар мен басқа да ғимараттар мен құрылысжайлар бар этикалық, санитариялық және экологиялық талаптарға сәйкес жер учаскелері;

4) жерлеу урнасы (бұдан әрі – күлі бар урна) – қайтыс болған адамды кремацияланғаннан кейін күлін сақтауға, тасымалдауға және көмуге арналған ыдыс;
5) зират (қабір) – қайтыс болған адамды немесе оның сүйегін жерлеу орны;
6) зират қорымы – қайтыс болған адамдарды немесе олардың қалдықтарын жерлеу үшін арнайы бөлінген аумақ;
7) зират қорымының/колумбарий әкімшілігі – зират қорымын және/немесе колумбарийді күтіп-ұстау және пайдалану жөніндегі ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды азаматтық-құқықтық шарттың негізінде жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;
8) колумбарий – қайтыс болғандарды кремациялағаннан кейін олардың күлі бар жерлеу урналарының қоймасы;
9) колумбарий қуысы – жерлеу урнасы орнатылатын колумбарийдегі ұяшық;
10) колумбарийдің мемориалығы тақтасы – қайтыс болған аламның аты, тегі мен әкесінің аты (бар болса), туған күні мен қайтыс болған күні көрсетілген колумбарийдің қуысын жауып тұратын тақта;
11) крематорий – қайтыс болған адамдарды кремациялауға (өртеуге) арналған пештермен жабдықталған технологиялық кешен;
12) күл – кремациядан кейін қайтыс болған адамның денесінің қалдықтары.

#### 2-тарау.

**Жерлеудің және зираттарды қарап-күту ісін ұйымдастырудың тәртібі**

3. Жерлеу үшін орын бөлу тәртібі.

Алматы қаласы аудандары әкімдерінің аппараттары зират қорымдары орналасқан және оларға арналған ортақ пайдаланудағы жерден елдімекеннің қайтыс болған әрбір тұрғынын немесе осы елді мекенде қайтыс болған тұрғылықты жері белгісіз адамды жерлеу үшін кемінде алты шаршы метр жер учаскесін тегін бөледі.

Зират қорымының аумағы зираттарға арналған қатарларға бөлінетін учаскелерден тұрады және оған автомобиль көлігіне арналған жүру жолдары мен зират учаскелеріне өтетін жолдар салынады.

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы:

зиратқа және колумбарийлерге арналған жер учаскелерін есепке алу деректерін (мәліметтерін) жинақтауды және тіркеуді ұйымдастырады;

жерлеу, зират қорымдары мен колумбарийлерді күтіп-ұстау және оларға қызмет көрсету жөніндегі шарт талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 12 шілдедегі №252/ҢҚ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №33106 болып тіркелген) жария кадастрлық картада зират қорымының және колумбарий тауашаларының бос емес және бос учаскелері бойынша өзекті ақпаратты орналастырады.

Алматы қаласындағы аудандар әкімдерінің аппараттары:

зираттарға және колумбарийлерге арналған жер учаскелерін есепке алуды және тіркеуді есепке алу журналдарының негізінде жүргізеді;
елдімекендердің санитариясын, жерлеу орындарын күтіп-ұстауды және туысы жоқ адамдарды жерлеуді қамтамасыз етеді.

4. Қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеу тәртібі.
Жерлеу зират қорымының немесе колумбарий әкімшілігіне қайтыс болуды тіркеуді жүзеге асыратын тіркеуші орган берген қайтыс болу туралы куәлікті және (немесе) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21579 болып тіркелген) бекітілген №045/у нысаны бойынша қайтыс болу туралы ме-

*Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 22 маусымдағы №2/195-887 қаулысы*

**Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы**

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:
1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 22 қаңтардағы №1/1-61:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 158 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

158.	Алтынбаева Сауле Жусипалиевна	20-311-027-538	Циолковский көшесі / Райымбек даңғылы, 2/324, Райымбек даңғылы, 322,320, Бородин көшесі, 3	жалпы-0,1178 иеліктен шығарылатын ауданы 0,0694
------	-------------------------------	----------------	--	---

2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 2 сәуірдегі №2/262-519:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 19 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

19.	Абдикеримов Зейнет Желеуович, Мухамбетова Алия Аминовна	20-322-005-1083	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сейітметов көшесі, 40	0,0600
-----	---	-----------------	---	--------

3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 4 қыркүйектегі №3/470-1177:

қосымшадағы:

реттік нөмірлері 3, 4 жолдары алынып тасталсын.

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

<b>Алматы қаласының әкімі</b>	<b>Д.САТЫБАЛДЫ</b>
-------------------------------	--------------------

дициналық куәлікті не «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы алынған қайтыс болу туралы хабарламаны ұсынғаннан кейін зират қорымының аумағында немесе колумбарийде жүргізіледі, колумбарийде қалдықтарды жерлеу кезінде кремация туралы анықтама ұсыну қажет.

Кремациядан кейінгі қалдықтарды (күлді) урналарға жерлеу колумбарийлерде немесе қабірлерде жүзеге асырылады.
Қайтыс болған адамдардың күлі бар урналарды жерлеуге арналған колумбарийлер мен қайғы қабырғалары арнайы бөлінген жер учаскелерінде орналастырылады. Колумбарийлер мен қайғы қабырғаларын тұрғын үйлерден, емдеу, балалар, білім беру, спорттық сауықтыру, мәдени-ағарту мекемелерінің, бау-

(Басы 10-бетте)

3) үй-жайлар мен құрылысжайлар таза ұсталады. Үй-жайды ылғалды жинау күніне кемінде бір рет жүргізіледі;

4) үй-жайлар мен құрылысжайларды жинауға арналған жинау мүкәммалын (шүберек немесе шаруашылық сулықтар, шелектер, шетқалар, сүрткіштер және басқалар) сақтауға мынадай талаптар қойылады: таңбалаудың болуы; қатаң түрде қолданылу мақсатына сай пайдаланылады; пайдаланылғаннан кейін жуғыш заттармен ыстық сумен жуылады және кептіріледі; арнайы бөлінген орындарда (үй-жайларды), шкафтарда, сөрелерде немесе арбаларда рет-ретімен сақталады;

5) арнайы киім жеке киімнен бөлек арнайы киім мен арнайы аяқкиімге арналған киім ілетін орындарда шкафтардың таңбаланған бөлімшелерінде сақталады;

6) арнайы киімді жуу және жөндеу ластануына және тозуына қарай ортақ, бірақ айына 1 реттен сиретпей жүргізіледі. Инфекциялық аурулар мен аса қауіпті инфекциялардың таралу тәуекелін болдырмау мақсатында арнайы киімді залалсыздандыру Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 29 шілдедегі № ҚР ДСМ-68 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №28977 болып тіркелген) «Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес әрбір қолданғаннан кейін жүргізіледі;

7) санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар, олардың құрылысы, жабдығы және шығыс материалдарымен қамтамасыз етілу қолжұғышы бар киім ілетін орындарды, дәретхананы, жұмысшыларды жылытуға, арнайы киімді кептіруге арналған үй-жайларды, тамақтану бөлмесін қоса алғанда, жерлеу орындарында және крематорийлерде жұмыс істейтіндердің санына сәйкес келеді;

8) тамақтану бөлмесі (бар болса) гигиеналық жабыны бар үстелдермен, ұзын орындықтармен (орындықтармен), ыдыс-аяқты сақтауға арналған жиназбен, ыстық және салқын су жеткізілетін раковинамен, ауызсу сапасындағы сумен (ыдыстарға құйылған суға рұқсат етіледі), тоңазытқышпен жабдықталады. Электр шайнектері мен қысқа толқынды пештерді пайдалануға рұқсат етіледі.

8. От жағумен (кремациялаумен) айналысатын адамдар:

1) сірсепе мен сібір жарасына қарсы егіледі;

2) жеке қорғанш құралдарымен – арнайы киім мен арнайы аяқкиім жиынтығымен (резеңке етік, резеңке қолғап, респиратор немесе ауыз бен мұрынды жабатын дәке таңғыш, комбинезон) қамтамасыз етіледі.

9. Жергілікті атқарушы органдар мен зират қорымының әкімшілігі арасында жерлеуге, зират қорымдарын күтіп-ұстауға және оларға қызмет көрсетуге шарт жасасу мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес белгіленген мерзімде конкурс қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

10. Зират қорымының әкімшілігі (колумбарий әкімшілігі) мыналарды:

1) азаматтарға жерлеу қызметтерін көрсету тәртібі туралы, оның ішінде зират қорымының немесе колумбарийдің аумағындағы стендтерде ақпарат орналастыра отырып, толық ақпарат беруді;

2) қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеу үшін зираттарды уақтылы дайындауды;

3) жерлеу үшін әрбір жер учаскесін бөліп берудің белгіленген нормасын және зираттар мен колумбарлық тауашаларды дайындау қағидаларын сақтауды;

4) ғимараттарды, колумбарийлерді, инженерлік жабдықтарды, зират қорымының аумағын, қоршауды, жарықтандыруды жарамды күйде ұстауды;

5) жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарды және шаруашылық мақсаттағы басқа да учаскелерді жүйелі түрде жинауды, сумен жабдықтау желілеріне қызмет көрсетуді, зираттың бүкіл аумағындағы жасыл екпелерді күтіп-ұстауды, жолдарды ағымдағы жөндеуді және қоқысты уақтылы шығаруды қоса алғанда, зират қорымдарын күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың ұйымдастырылуын бақылауды;

6) азаматтарға жерлеу орнын күтіп-бағу үшін мүкәммалды жалға беруді;

7) жерлеу қызметтерінің өзге де субъектілеріне тең қолжетімділікті ұсынуды қамтамасыз етеді.

#### Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 10 маусымдағы №310 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2026 жылғы 17 маусымда №226445 болып тіркелді.

#### ШЕШІМ 2026 жылғы 10 маусымдағы №310

**«Алматы қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы №497 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Алматы қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы №497 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1656 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасында:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

2)	Муковисцидоз	«Залалсыздандырылған нутриэн стандарты» «Нутриэн Энергия» «Нутриэн Стандарт» «Ресурс Юниор» «Педишур, Здоровейка»
----	--------------	--

1-бөлімді мынадай мазмұндағы 78), 79) реттік нөмірлі жолдармен толықтырылсын:

78)	Жедел миелообластық лейкоз, Созылмалы лимфолейкоз, Миелодиспластикалық синдром	«Венетоклакс»
79)	Ювенильді идиопатиялық артрит	«Анакинра»

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы мәслихатының төрағасы М.ОТЫНШИЕВ**

#### Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 10 маусымдағы №311 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2026 жылғы 17 маусымда №226443 болып тіркелді.

#### ШЕШІМ 2026 жылғы 10 маусымдағы №311

**Алматы қаласында 2026 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға арналған жарналардың ең төмен мөлшерін бекіту туралы**

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-3-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 наурыздағы №166 бұйрығымен бекітілген Кондоминиум объектісін басқаруға арналған жарналардың ең төмен мөлшерін есептеу әдістемесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20284 болып тіркелген) сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласында 2026 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға арналған жарналардың ең төмен мөлшері 2026 жылға бекітілген айлық есептік көрсеткіштің 0,016 еселенген мөлшерінде, яғни айына бір шаршы метр үшін 70 теңге мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы мәслихатының төрағасы М.ОТЫНШИЕВ**



## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

### Қала тұрғындарын біріктірген науқан

**Алматыда 2 мыңнан астам А тұрғын эко-науқанға қатысты. «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында ұйымдастырылған бұл іс-шара халықтың экологиялық мәдениетін арттыруға бағытталды.**

Тұрғындар үйлерінен негізінен пластик қалдықтарын, қайта өңдеуге болатын заттар мен бөлме өсімдіктерін әкелуде. Әсіресе, балаларын ерте келген отбасылар қатары қалың, ал олар үшін ұйымдастырылған арнайы қызықты бағдарламалар әзірленген.

Жоба 2019 жылдан бері «Greenup.kz» қоғамдық қоры тарапынан жүзеге асырылып келеді. Осы уақытқа дейін 36 рет ұйымдастырылған дәстүрлі науқан алғаш басталғанда 200-ге жуық қана адамды қамтыса, бұл жолы мектеп оқушылары мен студенттерден бастап, мемлекеттік қызметкерлер мен зейнеткерлерге дейінгі әртүрлі санаттағы 2 000-нан астам алматылық қатысты. Акция аясында орта есеппен 4,5 тоннаға жуық шикізат жиналып, қайта өңдеуге жіберілді.

Науқан кезінде тұрғындар үшін 24-тен астам қайталама шикізат түрін қайыларда нүктелері, жануарлар панажайлары мен фермерлерге арналған қайырымдылық жинақтары, жергілікті брендтердің эко-жармеңкесі жұмыс істеді. Сонымен қатар, қатысушылар кітап алмасу және өсімдіктер мен тұқымдарды алмастыру аймақтарына белсенде қатысты. Кітаптар Қазақстанның 8 өңіріндегі ауылдық кітапханаларға жіберілетін болады. Қалдықтарды сұрыптауды үйрететін шеберлік сыныптары мен тақырыптық білім беру алаңдары да ұйымдастырылды.

Аталған қорғамдық қордың және «Recycle Бірге» жобасының жетекшісі

Әлия Салменова іс-шараның мақсаты жаңа экологиялық идеяларды жеткізу және эко-өмір салтының өте жеңіл әрі қолжетімділігін әйгілеу екенін айтты:

– Экологиялық акция деген тек қалдықтарды жинау емес, адамдарды қоршаған ортаға және бір-біріне қамқорлық жасау құндылықтары тәңірегінде біріктіретін, білім алып, пікір алмасатын жандар табуға мүмкіндік беретін кеңістік, – дейді ол.

Оның сөзінше, игі іс-шараның ең маңызды тұсы – экологиялық ағартушылық. Қазақстанда қалдықтарды қайта өңдеу саласы бар екенін, қажетсіз заттарды қалай көдеге жаратуға болатынын және қоқыс көлемін қалай азайту керегін іс жүзінде көрсетуді мақсат еткен.

Жазғы демалысын бос өткізбей, пайдалы іспен айналысуды таңдаған 10-сынып оқушысы Аяна Мейізхан бұл науқан туралы ағасынан естіпті. Кейін әлеуметтік желілерден де ақпарат іздеп, жобаға волонтер ретінде қосылуды ұйғарған.

– Мұнда қоқысты сұрыптаймыз, өсімдіктерді алмастыруға болады, сондай-ақ кітаптар сатылатын арнайы жәрмеңке ұйымдастырылған. Әр жәшіктің сыртында не қабылданатыны нақты жазылып тұр. Сондай-ақ, қандай заттарды әкелуге болатыны, ал қандай заттар қабылданбайтыны туралы ақпарат әлеуметтік желіде де алдын ала жарияланды. Тұрғындар үйлеріндегі қалдықтарды өткізіп, оның орнына пайдалы нәрсе ала алады, – дейді Аяна.

Ауқымды экологиялық жоба Алматы қаласы Алмалы ауданының әкімдігі, Экология және қоршаған орта басқармасы, Жастар саясаты басқармасының қолдауымен өтті. Ұйымдастырушылар эко-науқанды ай сайын тұрақты түрде өткізіп тұруды көздеп отыр.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА.**

#### ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының «Медеу» мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Парк) Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 4 мамырдағы №2/272 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағының 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Парк аумағында уақытша объектілерді орналастыру үшін учаскелерді ұзақ мерзімді пайдалануға беру мақсатында әлеуетті қатысушыларды айқындау жөнінде хабарлайды:

№1 лот бойынша учаскенің орналасқан жері: Медеу орманшылығы, Медеу шатқалы, «Денсаулық баспалдағы» маңы; Объектінің атауы: Жаңа «Денсаулық баспалдағы» объектісі; Учаскенің ауданы: 25 200 м²; Пайдалану мақсаты: уақытша объектілерді орналастыру.

Парк көрсететін қызметтер үшін тарифтердің мөлшері Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 4 мамырдағы №2/272 қаулысының қосымшасына сәйкес белгіленеді. Осыған байланысты хабарландыру парктің ресми интернет-ресурсы – parkmedeu.kz сайтында орналастырылады.

Мекенжайы: Алматы қаласы, Амангелді көшесі, 68 А.

БСН: 000440002069.

Байланыс телефоны: 8 (727) 227-53-81.

Электрондық пошта: Medeupark@mail.kz; medeu.park2@mail.ru



Бас директор –  
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**  
тел.: 248-64-04.

**Қабылдау бөлмесі:**  
тел.: 248-60-08.

E-mail:  
**almatyaqparat@gmail.com**

Бас директордың орынбасары –  
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –  
**Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА**

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**

Жауапты хатшы –  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІР**

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШ**

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –  
**Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Коммерциялық директор –  
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**  
тел.: 248-49-55.

E-mail:  
**rekalmatyaqparat@gmail.com**

Жарнама және тарату бөлімі.  
E-mail:  
**rekalmatyaqparat@gmail.com**  
тел.: тел.: 248-49-55.

8 707 948 73 78

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:  
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ,**  
**Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ**

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...**

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:  
**8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70**  
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

#### ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**  
**«Almaty Aqparat» ЖШС.**

E-mail:  
**almatyaqparat@gmail.com**

Мекенжайының: Алматы

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)**

**Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ51VPY00150334 куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.**

## ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ



## «ALMATY AQPARAT» – ЖҮЛДЕГЕР

Журналистер арасында боулингтен мықтылар анықталды

**Алматыда бұқаралық ақпарат Ақпараттары өкілдері мен блогерлер арасында боулингтен турнир өтті. «Бастау» ойын-сауық кешенінде өткен спорттық кездесуді Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған болатын.**

Айта кетейік, журналистер арасындағы спорттық марафон осы жылдың көктемінде басталған. Алғашқы кезеңде 10 команда қатысқан шағын футбол турнирі өтсе, кейін медиа өкілдері үстел теннисі-

нен сынға түсті. Спартакиаданың соңғы түрі боулингтен өтті.

Турнирге «Алматы» телеарнасы, «Almaty Aqparat» медиахолдингі, Stan.kz, «31 арна», «Хабар» және «Аргументы и Факты» қатарлы ақпарат құралдарынан алты команда қатысты. Достық атмосфераға қарамастан, жолақтарда нағыз спорттық бәсеке өрбіді. Қатысушылар дәл соққылар жасап, командалық ауызбіршілік пен жеңіске деген ұмтылысын көрсетті. Журналистер үшін бұл жарыс мереке қарсаңындағы әріпестерімен бейресми форматта қарым-қатынас орнату алаңына айналды.

«31 арнадағы» «Информбюро» бағдарламасының креативті продюсері Ас-

қарбек Қазанғап спорттың достық алаңы екенін баса айтып өтті:

«Спорттық жарыстар әрқашан ұжымды біріктіреді. Бүгін әр қатысушы жақсы энергия мен көтеріңкі көңіл күйде болды. Мұндай бастамалар салауатты өмір салтын насихаттап, журналистер арасындағы қарым-қатынасты арттырады», – деді ол.

Турнир қатысушыларын Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Дастан Шерехан құттықтап, спартакиаданың ұжымдық рухты нығайтуға, спортты насихаттауға және медиасала өкілдері арасындағы достық қатынастарды дамытуға ықпал ететінін атап өтті.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубоктармен, медальдармен және дипломдармен марапатталды:

1-орын – 500 мың теңге сертификат – «31 телеарнасы»;

2-орын – 400 мың теңге сертификат – «Хабар»;

3-орын – 300 мың теңге сертификат – «Алматы ақпарат»;

Спартакиада журналистердің тек кәсіби жұмыста ғана емес, спорт алаңдарында да бәсекеге қабілетті екенін көрсетті.

**Досбол АТАЖАН.**

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

## ЖАРЫС

## БАЛАЛАРДЫ ҚУАНТҚАН БАСТАМА

**Қалада Almaty Move жобасы қарсаңында балдырғандарға арналған ашық аспан астындағы тегін спорттық-ойын-сауық іс-шарасы өтті. Әкімдіктің қолдауымен жүзеге асқан бастаманың мақсаты – өскелең ұрпақ арасында салауатты өмір салтын насихаттап, жазғы демалысты пайдалы әрі белсенді өткізуге жағдай жасау.**

Іс-шараға 7 жастан асқан балалар мен олардың ата-аналары қатысты. Бағдарлама кәсіби аниматорлар мен жүргізушілердің қатысуымен ұйымдастырылып, түрлі интерактивті ойын мен спорттық сайыстарды қамтыды.

Almaty Move жобасының ұйымдастырушысы Әділ Тәліпов мұндай бастамалар балалардың денсаулығын нығайтып, жаңа достар тауып, қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретінін жеткізді:

– Алматы тұрғындарының белсенді демалыс мәдениетін қалыптастыру үшін әр демалыс сайын қаланың түрлі ауданында спорттық және ойын-сауық іс-шараларын өткізуді жоспарлап отырмыз. Маусым



айындағы бағдарлама балаларға арналды. Аталған іс-шара Орталық мәдениет және демалыс саябағында басталса, алдағы күндері қаладағы басқа аудандар да қамтылады. Жоба кемінде төрт айға жоспарланған. Әр айдың өзіндік бағыты бар. Шілдеде ересектерге арналған йога сабақтары өткізілсе, тамызда тұрғындарды спортқа баулуға бағытталған жүгіру жаттығулары мен шағын жарыстар ұйымдастырылады. Қыркүйекте экология мен спортты



ұштастыратын плаггинг акциялары және салауатты өмір салтына арналған дәрістер өткізу көзделген, – дейді Әділ Тәліпов.

Іс-шара барысында балаларды ертегі және комикс кейіпкерлері қарсы алып, тәтті попкорн таратылды. Кейін қатысушылар танысу ойындарын ойнап, түрлі командалық жарыста бақ сынады. Басты алаңда Леди Баг пен Капитан Америка кейіпкерлерінің қатысуымен эстафеталар, белсенді челленджер мен командалық

ойындар ұйымдастырылды. Балалар жылдамдықтарын, ептіліктерін және топпен жұмыс істеу қабілеттерін көрсетті.

Көңілді басқосу барысында Соник кейіпкерінің қатысуымен би баттлы өтіп, барлық қатысушы флешмобқа қосылды. Жиын соңында балалар естелік суретке түсіп, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

**Дана САДЫРҚАН.**

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.